АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

# ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ:
## ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

• ақпараттық-әдістемелік журнал •

№2(32)

2023 жыл, маусым

# *«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»*
# *ақпараттық-әдістемелік журнал*




**Меншік иесі: «Ақтөбе облысының**
**тілдерді дамыту басқармасы» ММ**

**Бас редактор: м.а. М.Жанасова**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

***Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет.***

№2 (32) саны
маусым 2023 жыл

Таралымы 80 дана

Тапсырыс № 535

Баспахана атауы:
**ЖК «Полиграфия»**

Мекен-жайы:
***Қазақстан Республика,***
***Ақтөбе қаласы.***
***Т.Рысқұлов көшесі, 190.***
***Тел.: 8701 276 90 15***
**E-mail: a-poligraf2002@mail.ru**

Редакция мекен-жайы:
***Ақтөбе қаласы,***
***Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»***
***Тел.: 8 (7132) 55-83-45***
**E-mail: ortaluktil@mail.ru**

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

# МАЗМҰНЫ


**ТІЛТАНЫМ**

**Т.М. Маратова** — Ә. Сәрсенбаев поэзиясындағы мәтіндік айырымдар ............................... 5

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

**Т.М. Маратова** — «Татулық – достықтың киелі бесігі» ........................................................ 8

**Д.Б. Нұрмұхамедова** — Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің болашағы .................................... 9

**А.Т. Бисен** — «Ақтөбе тілдерді оқыту орталығы әдіскері үздіктер қатарында» ...................................................................................... 10

**ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Ш.Н. Шарапатова** — Краткосрочный план ................................................................................. 12

**Ә.Ә. Сүйналина** — Мемлекеттік тілді жаңа технологияда оқытудың әдістері ...................... 14

**Б.Т. Қожықов** — Қазақ тіліне саяхат ...................................................................................... 15

**ҮЗДІК САБАҚ**

**I.M. Turumbetova** — Reading for pleasure ................................................................................... 19

**С.Ж. Кайргалиева** — IX бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология ........................ 21

**А.С. Сейдалиева** — «В мире интересного» ............................................................................... 23

**М.С. Тасбулатова** — Сүйіспеншілік – шынайы сезім ..................................................................... 27

**Қ.Х. Қуанова** — Әдебиеттік оқу ...................................................................................................... 30

**Ұ. Таңжарыққызы** — «Таза мінсіз асыл сөз» бөлімі «Қобыланды батыр» жыры кейіпкерлер бейнесі ..................................................................................... 33

**Н.Т. Нұрадин** — 5-бөлім. Туризм: экотуризм ............................................................................ 35

**А.Ж. Машбаева** — Қазақтың кәсіби театр өнері ........................................................................ 39

**М.Р Жолдыбаева** — «Природа зимой» ........................................................................................ 42

**Л.Т.Ержанова** — «Поэзия жәрмеңкесі» ........................................................................................ 44

**Ж.Алимагамбетова** — Сейітқұл – ел қамқоршысы ..................................................................... 44

**Г.Қ. Оразова** — Жалғыз жортуыл ................................................................................................ 48

**Э.Е.Баенова** — Болашақтың мектебі .......................................................................................... 52

**А.М.Арыкова** — VIII бөлім. Дұрыс тамақтану, гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар. Морфология (Одағай. Одағай түрлері) .................................................... 54

**М.Т.Маратова** — Ұлттық театр – өнер ордасы ......................................................................... 57

**А. Ойылданқызы** — Жасөспірім және құқық ................................................................................ 60

**А.Ж. Сулейменова** — Қазақтың батыр қыздары ........................................................................ 64

**Н. Шаудырова** — «Мен едім от жүректі Қасым ағаң!» ......................................................... 66

**Ш.Н. Шарапатова** «Лица друзей» ........ 68

**В.Ш.Утеуова** Оқырман бенефисі ........ 70

**А.Жұмағалиева** Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты. 2-сабақ. ........ 71

**Б.А.Мұхтар** Ч.Айтматов и идейно-тематическое содержание романа «Плаха». Анималистические образы в романе ........ 75

**ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ**

**Б.Е. Шаканова** «Біз бақытты баламыз» ........ 78

**Б.Ч. Черкешбаева** Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы ........ 79

**П.А. Тажимуратова** «Ормандағы құстар» ........ 80

**Ә.А. Сәрсенбаева** «Ертегі әлеміне саяхат» ........ 83

**Г.Д. Оразалы** «Денсаулық әлемі» ........ 85

**Л.А. Жолаушыбаева** «Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» ........ 86

**Д.Ө. Кенжегулова** Бала тәрбиесі — баршамызға ортақ іс ........ 86

**Г.А. Алпысбаева** Ахмет Байтұрсыновтың мысал жанры ........ 87

**Г. Тлеуқызы** Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің заманауи жағдайында ата-аналар мен педагогтардың әлеуметтік серіктестігін дамыту ........ 88

**М.К.Стаханова** Чтение – это один из истоков мышления и умственного развития ........ 90

**Ж.А.Жариева, Г.С.Сарсенова** «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің 2022 жылғаарналған перспективалықмжоспары ........ 92

**Г.Қ.Мақсат** «НАУРЫЗ-ДУМАН» ........ 97

**ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ** ........ 100

## ТІЛТАНЫМ

# Ә. СӘРСЕНБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘТІНДІК АЙЫРЫМДАР

**МАРАТОВА М. Т.**
*Педагогика ғылымдарының магистрі*
*Ақтөбе облысының Тілдерді дамыту басқармасы*
*Тілдерді оқыту орталығының*
*мемлекеттік тіл оқытушысы*

Жазба әдеби еңбектердің дүниеге келуімен бірге, олардың мәтінін қағаз бетіне дұрыс көшіріп жазу, қатесіз түсіндіру, көшірмелерін жасау, көбейту, қарапайым салыстыру негізінде текстология ғылымы пайда болғаны белгілі.

Текстология дегеніміз – белгілі бір шығарманың жазылу тарихын зерттейтін, сын көзімен қарап, жан-жақты тексеру арқылы шығарманың негізгі тексін таңдап алып, соны тұрақтандыратын, шығарманың жазылған мерзімін айқындайтын, түсініктер беретін, авторы беймағлұм болса, оны іздестіретін, шығарманың кімге арнап басылатынын белгілейтін филологиялық ғылыми саласы [1;16].

Демек, текстология мәтінді тарихылық тұрғысынан қарастырып, ғылымға белгілі барлық нұсқаларымен салыстыра отырып, авторлық мәтіннің нағыз, дәл нұсқасын айқындап, ешбір қоспасыз, қатесіз баспаға әзірленетін мәтінді қалыптастыру болып табылады. Авторлардың қолжазбаларын, көзі тірісінде және қайтыс болғаннан кейін басып шығарылған әдеби шығармалары, күнделіктері, қойын дәптерлері, хаттары, ауыздан-ауызға таралып, кейіннен хатқа түскен қолжазбаларын зерттейді.

Ғылым саласы ретінде текстология тарихы тым әріден басталады. Ең алғашқы мәтіндік түзетулер мен зерттеу жұмыстары Б.Спиноза, И.С.Землер, Г.Гегель, Д.Ф.Штраус секілді інжіл кітаптарына зерттеу жүргізген ғалымдар есімдерімен байланысты. Қайта өркендеу дәуірі мен жаңа заман талабына сай текстологиялық талдаулардың негізін салушылардың қатарына берлиндік профессор И.Беккер, неміс тарихшысы Леопольд фон Ранке, кейінірек М.Бернайс пен В.Шерердің, жиырмасыншы ғасырда Г.Лансонның ғылыми текстология мектептерін жатқыза аламыз.

Орыс ғалымдарынан текстология ғылымы жайлы дұрыс тұжырым жасап, текстологияның негізгі міндеттерін айқындап беруге өз септігін тигізген Б.В.Томашевский еңбегі, ізін суытпай А.С.Рейсер, Д.С.Лихачев, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, П.Н.Берков, Е.М.Прохоров, В.С.Нечала, Н.Л.Горина және тағы басқа орыс ғалымдары текстология саласында үлкен еңбек етіп, теориялық зерттеу жұмыстарын жасады.

Қазақ әдебиеті мұраларын зерттеу, текстологиялық мәселелеріне мән беру Абай шығармаларын жарыққа шығарып, қалың оқырманға тарату кезеңінен басталғаны анық. Абай мұраларына текстологиялық зерттеу жүргізу Мұхтар Әуезовтен бастау алғаны белгілі. Одан кейін Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Кенжебаев, Ғ.Мұсабаев, Т.Абдрахманов, Қ.Өміралиев, Ш.Сарыбаев, Ә.Құрышжанов, Р.Сыздықова, Б.Сағындықұлы, Е.Жұбанов, М.Малбақов және тағы басқа ғалымдар классик ақын-жазушылардың, ежелгі дәуірлерден келіп жеткен жазба мұралардың мәтінін ғылыми басылымға әзірлеуде аса құнды еңбектерімен танылды.

Қазақ әдебиеті тарихында кеңес дәуірі кезеңі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ әдебиетінің ахуалы маңызды орын алады. Сәйкесінше бұл кезеңде басылып шыққан әрбір шығарманың айтар ойы, тәрбиелік мәні зор. Әсіресе, тәуелсіздіктің қадірін білуді, жас ұрпақтың бойына ерлік пен туған жерге деген махаббатты сіңіру жолында берері мол мұралар.

Осындай кезеңде дүниеге келген, жастайынан тағдыр тауқыметін тартып, елі мен жері үшін қан майданда өз ерлігін көрсеткен, сол кезеңдегі әрбір солдаттың психологиясына терең ене отырып, майдандастарына рух берген, әрбір Отан қорғаушы азаматтың соғыстағы қанды ерліктерін келешек ұрпаққа жеткізуге тырысқан ақиық ақындырмыздың бірі Әбу Сәрсенбаев. Әбу Сәрсенбаев мұраларын зерттеу, зерделеу, қайта басып шығару әлі де қолға алынбай келе жатқан мәселе. Әбу Сәрсенбаев әскери тілші болғандықтан, оның көптеген өлеңдері баспа беттерінде жарық көрді. Өзінің көзі тірісінде «Еділ толқыны», «Жүрек сыйы», «Ант» секілді жыр жинақтары басылып шықты. Кейінірек, жеңістің 60 жылдығына, 2015 жылы Әбу Сәрсенбаевтың 110 жылдығына байланысты ақынның мұралары қайта басылып шықты. Ақынның «Келем, қайтып Еуропадан», «Ақша бұлт» сынды жыр жинақтары қайта қалың оқырманмен қауышты.

Әбу Сәрсенбаев шығармаларының басым бөлігі баспасөз беттерінде «Кедей тілі» газеті, «Түріксіб» газеті және тағы басқа газет-журналдарда жарық көрген. Ұлы Отан соғысынан оралған соң оның өлеңдері жеке кітап болып жариялана бастады.Өлеңдері ақынның көзі тірісінде «Жүрек сыйы», «Ант», «Ақша бұлт» атты жинақтарда жарық көрді. Ақынның жыр жинақтарының ерекшеліктерінің бірі ақын өлеңдерінің екінші жыр жинақта қайталанбауы. Ақынның «Жүрек» өлеңі «Ақша бұлт» және «Ант» жыр жинақтарында, «Отанымыз-Анамыз» өлеңі «Оқу кітабы» оқулығы мен «Ант» жинағында қайталанып басылған. Ақынның әр жинақта және әр түрлі уақыт аралығында басылған осы өлеңдері арасындағы айырмашылықтар, мәтіндік айырымдардың болуы заңды.

Алдымен, ақынның «Жүрек» өлеңіне көңіл аударсақ. Ақынның бұл өлеңі алдымен «Ант» жыр жинағында 1940 жылы жарық көреді. Бұл жинақта:

«Уа сезгіш, тәтті өмірді сүйгіш жүрек,
Сүюден өзге сенде бар ма тілек.
Еділдің толқынындай жарға соққан,
Шыңына махаббаттың артсаң иек.

Егер сен сүйе білмес болсаң салқын,
Сезбес ем онда өмірдің ешбір парқын.
Ащыға, тұщыға да елең етпей
Бір баға алар еді мыс пен алтын.

Болмас ед онда адам да сүю деген
Шаттану я ызаға күю деген.
Жар сүю, Отан сүю, өмір, бақыт
Бәріне тұрар едім етпей елең.

Ұстар ек дос пен жатты бір орында
Бірдей баға берер ек түн мен таңға
Тәтті өмірде, сыланған арудағы
Етпес ед ешбір әсер онда жанға.

Сен ғана сұлу жарды сүйгізетін,
Ел қорғауға сауытты кигізетін.
Жау деп, жаушы, достыны дос деп танып
Әділдікке басымды игізетін» [2; 65],

- деп берілген. Ал, 2005 жылы жарық көрген «Ақша бұлт» жыр жинағында былай берілген:

«Сезімтал, әділетті, сүйгіш жүрек,
Сен шын, одан өзге жоқ қой тілек.
Жайықтың толқынындай жарға соққан
Шыңына махаббаттың артсаң иек.

Егер сен сүйе білмес болсаң салқын,
Сезбес ем онда өмірдің ешбір парқын.
Ащыға, тұщыға да елең етпей,
Бір баға алар еді мыс пен алтын.

Болмас ед онда адамда сүю деген.
Шаттану я ызаға күю деген.
Жар сүю, Отан сүю, өмір, бақыт,
Бәріне тұрар едім етпей елең.

Ұстар ек дос пен жатты бір орында,
Берер ек бірдей баға түн мен таңға.
Тәтті өмір де, сыланған ару дағы
Етпес ед ешбір әсер онда жанға.

Сен ғана сұлу жарды сүйгізетін,
Ел қорғауға сауытын кигізетін,
Жауды жауша, достыны дос деп танып,
Әділдікке басымды игізетін» [3; 196].

Екі жыр жинақта берілген бұл өлеңнің арасында біршама өзгерістер бар екенін анық байқадық. Екі жинақта да бес шумақтан, 11-12 буыннан құралған. Алайда, кейбір шумақтардағы сөздер өзертіліп, кейбір сөздердің жалғаулықтары да өзгеріске түскен.

Кесте-3.

Мәтіндік айырымдарға талдау.

| Шығарманың атауы | | |
|---|---|---|
| № | «Ант» | «Ақша бұлт» |
| 1 | **Уа сезгіш, тәтті өмірді** сүйгіш жүрек,<br>**Сүюден өзге сенде бар ма тілек.**<br>**Еділдің** толқынындай жарға соққан, | *Сезімтал, әділетті*, сүйгіш жүрек,<br>*Сен шын, одан өзге жоқ қой тілек.*<br>*Жайықтың* толқынындай жарға соққан |
| 2 | **Бірдей баға берер ек** түн мен таңға | *Берер ек бірдей баға* түн мен таңға. |
| 3 | Тәтті өмірде, сыланған **арудағы** | Тәтті өмір де, сыланған *ару дағы* |
| 4 | Ел қорғауға **сауытты** кигізетін.<br>**Жау деп, жаушы,** достыны дос деп танып | Ел қорғауға *сауытын* кигізетін,<br>*Жауды жауша*, достыны дос деп танып, |

Мәселен, «Ант» жинағында берілген нұсқа бойынша алғашқы шумақ «Уа сезгіш, тәтті өмірді» [4; 65] деп басталса, «Ақша бұлт» жинағында бұл сөз тіркестері «Сезімтал, әділетті» [5; 196] сөз тіркестерімен алмастырылған. Келесі екінші тармағы түгелдей өзгеріске ұшыраған.

«Ант» жинағында «Сүюден өзге сенде бар ма тілек» [2; 65] деп берілсе, «Ақша бұлт» жинағында «Сен шын, одан өзге жоқ қой тілек» [3; 196] деп мүлдем жаңа тармақ түзілген.

Үшінші тармақта «Ант» жинағындағы «Еділдің толқынындай» [2; 65] тіркесі, «Ақша бұлт» жинағында «Жайықтың толқынындай» [3; 196] деп берілген.

Сондай-ақ, төртінші шумақтың бірінші тармағында сөз орындары ауыстырылып берілген. Мәселен, «Ант» жинағында «Бірдей баға берер ек түн мен таңға» [2; 65] деп берілген жол, «Ақша бұлт» жинағында «Берер ек бірдей баға түн мен таңға» [3; 196] қалпында жазылған. Мұнда «берер ек» баяндауышы мен «бірдей баға» сөз тіркесінің орны ауыстырылған.

Сонымен қатар, «дағы» қосымшасының «Ант» жинағында «ару дағы» [2; 65] деп беріліп, жатыс септігінің қызметін атқарып тұрса, «Ақша бұлт» жинағында «ару дағы» [3; 196] деп бөлек жазыла беріліп, демеулік шылау қызметін атқарып тұр. Бесінші шумақтың, екінші тарауында және үшінші тарауында да өзгерістер бар. «Ант» жинағында «сауытты» [2; 65] сөзі, «Ақша бұлт» жинағында «сауытын» [3; 196] деген өзгеріске ұшырап берілген. Алғашқы басылымда табыс септігі арқылы беріліп тұрса, екінші басылымда тәуелдік жалғау арқылы беріліп тұр.

Үшінші тармақта «Ант» жинағында «Жау деп, жаушы» [2; 65] деп берілген сөздер, «Ақша бұлт» жинағында «Жауды жауша» [3; 196] сөздерімен алмастырылған. Байқағанымыздай, өлеңнің бірінші, төртінші және бесінші шумақтарына көптеген өзгерістер енгізілген. «Ант» жинағында берілген алғашқы өлең шумақтары, кейінгі басылған «Ақша бұлт» жинағындағы өлең жолдарына қарағанда әсерлі жеткізілген.

Себебі, ақын өлеңінің түпнұсқасында одағай сөздің қатысуы оқырман сезіміне терең әсер ететіні белгілі. «Сезімтал, әділетті» [3; 196] сөздерінің орнына, ақынның «уа сезгіш, тәтті өмірді сүйгіш жүрек» [2; 65] жолы арқылы шынайылық айқын көрінеді.

Талай ертегі мен әндерге арқау болып жүрген бұл қос өзеннің екі басылымда арқау болуы қызықты, әрі түсініксіз жайт. «Ант» жинағында «Еділ толқыны» деп беріліп, «Ақша бұлт» жинағында «Жайық толқыны» деп берілуі қазақтың әсем қос өзенін бір тіркеске айналғандығының дәлелі болар. Бұл өлеңдегі сөздердің алмастырылуы, орындарының ауысуы немесе жалғаулықтарының әр формада берілуі заңды құбылыс. Алайда, түгелдей бір жолды өз бетінше ауыстырып тастау автордың жеке құқығына қол сұғу болып есептелетіні анық.

Осы тұста, ақынның өлеңдері мен шығармаларына көптеген өзгерістердің енуі заңдылық. Себебі, кез-келген шығарма белгілі бір уақыт аралығында түзетіліп, өңделіп, кей бөліктері қысқартылып, қосылып, бірнеше мәрте көшіріліп барып дүниеге келеді. Осы ұзақ процестен кейін ғана баспа бетін көретіні анық. Кейде, шығармалар мәтінінің дұрыс оқылмауының нәтижесінен немесе баспаға терілу барысында жіберілген әріптік қателер, мақсатты түрде жасалған өзгертулер, сөздердің көнеруі, көшірмеші өз тарапынан сөздердің көмескеленген мағыналарын басқа сөздермен өзгертулер автордың айтпақ ойына, ішкі сезіміне, тіпті өлеңнің идеясына, автордың өзіндік стиліне нұқсан келтіруі мүмкін.

Әлі де мұралары зерттеуді қажет ететін Әбу Сәрсенбаев шығармаларына текстологиялық талдау жасау, оның ішінде мәтіндік айырымдарды екшелеп көрсетіп, қандай мақсатта өзгертілгендігі жайлы келтірілген тұжырымдар - текстология мәселесіне және Әбу Сәрсенбаев шығармаларының дұрыс, нақты зерттелуіне кішкене болса да басар баспалдақ іспеттес.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Халық әдебиеті үлгілері мен Абай шығармаларының текстологиясы» Алматы, 2012

2. Сәрсенбаев Ә. «Ант» Алматы, 1940

3. Сәрсенбаев Ә. «Ақша бұлт» Алматы, 2005

4. https://moluch.ru/archive/60/8925/

5. Қирабаев С. Уақыт және қаламгер. Алматы: Жазушы, 1973. -82б.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# «ТАТУЛЫҚ – ДОСТЫҚТЫҢ КИЕЛІ БЕСІГІ»

**Маратова М.Т.**
*«Ақтөбе облысының тілдерді дамыту Басқармасы» ММ «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы*



***«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады».***

**Ахмет Байтұрсынов.**

Тіл – руханиятымыз. Барымыз да, нарымыз да сол – тіл. Тіл ақшаға сатып алуға келмейтін һәм сатылмайтын құндылығымыз. Ол ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан, қазақ деген ұлтты айқындайтын қазақ деген ұлттың әлемде бар екенін басқаларға дәлелдейтін кепіліміз ол – тіл. Сол себепті қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шетелдегі қандастарымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау, тіл деген ұғымның қадір-қасиетін қай елде болмасын қастерлеуге ұмтылдыру біздің басты мақсатымыз. Сәйкесінше Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығы жыл сайын шетелдегі қандастарымызбен арақатынасты нығайтып, мемлекеттік тілдің сақталуына ықпал етіп келеді.



2023 жылғы 30 мамыр күні Орынбор облысындағы қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған «Татулық – достықтың киелі бесігі» атты іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, шетелдегі қазақ қандастарға ана тілін меңгеру үшін әдістемелік қолдау көрсету, Қазақстан және Ресей ұлттық диаспора өкілдерінің мәдени байланыстарын нығайту болды.

Іс-шара барысы «Қазақ тілін үйрету: ортақ тәжірибе, озық дәстүр» атты негізгі бөлімнен тұрды. Бұл бөлімнің мақсаты Ақтөбе облысының Тілдерді оқыту орталығы мен Орынбор облысындағы қандастар арасындағы ынтымақтастық көпірін нығайту, мемлекеттік тілді үйрету барысында жинақталған тәжірибе мен үздік әдістерді ортаға салу, бір-





бірімен бөлісу. Мақсатқа сай Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Мырза Малика Серікқызы «Sɥile&Say» •азақша сөйлеу клубының мақсат-міндетімен таныстырып, осы уақытқа дейін мемлекеттік тілді меңгертудің тиімді әдістерін қолдана отырып викториналық сабақ өткізді. Тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Төлегенова Гүлсайран Нұрланқызы «Салт-дәстүрім – қазынам» атты танымдық лингвистикалық тренинг жүргізді. Орталықтың жас маманы Қожықов Бердібек Талғатұлы «Қазақ тіліне саяхат» атты ерекше лингвисткалық тренинг өткізсе, ал Айтмағанбет Жангүл Ерланқызы «Ертегілер – халық даналығының айнасы» атты панорамалық сабағы арқылы қандастарымыздың ерекше алғысына бөленді. Қызметкерлер мен іс-шараға қатысушалар өзара алған әсерлерімен бөлісіп, жиын соңында қандастарымызға кәдесый ретінде балаларға арналған «Күншуақ» журналы таратылды.

Ақтөбе тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен Орынбор облысындағы қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған «Татулық – достықтың киелі бесігі» атты іс-шара бұл жылы да өз жалғасын тапты. Кезекті іс-шара жоғары деңгейде өтті. Өз жалғасын тауып келе жатқан осындай жиындар екі ел арасындағы татулық мен ынтамақтастықты нығайтуға, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге, шетелдегі қандастарымыздың ана тілі мен қанында бар ұлттық құндылықты ұмытпауға септігін тигізеді.

Қорытындылай келе өз дәстүрін берік сақтап, қазақылықты да ұмытпай келе жатқан осындай қандастарымыз береке мен бірліктің символындай. Достық пен ынтымақтастықты ту етіп, бірлік пен татулықты жыр еткен барша Қазақстан халықтары мен шетел диаспорасы өкілдерінің мызғымас достығы мен бірлігі жасай берсін дегім келеді!

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

**Д.Б.Нұрмұхамедова**
*Облыстық қоғамдық даму орталығының бөлім басшысы*

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, кешегі мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, әліпби адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырылатын баға жетпес байлық.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екені айтылды.

Осы уақыттан бастап әліпби ауыстыру бойынша Үкімет жанынан құрылған жұмыс топтары көптеген тыңғылықты, келелі жұмыстарды атқарып келеді. «Әліпби ауыстыру қаншалықты тиімді?», «Не үшін ауыстырамыз әліпбиді?» деген секілді көптеген түсінбестіктен туындаған көпшілік көкейіндегі сұрақтар қазір «Қашан көшеміз?», «Әліпбиді қайдан оқып-үйренеміз?» деген сауалдарға ауысты. Яғни халықтың аталмыш тақырыпта ақпараттанып, құлақтанып, олардың осы мәселе жайындағы алаңдатушылықтары мен ықыластарын, қызығушылықтарын аңғаруға болады.

2017-2019 жылдары қарқынды түрде жүргізілген әліпбиді түсіндіру шаралары, жаңа әліпбидегі жалпыхалықтық диктанттар, әліпби үйренуге арналған телебағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдары барлығы да өз нәтижесін берді, жоғарыда айтқанымыздай халық, көпшілік ақпараттанды. Мем-

лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасынан кейін, жұмыс топтары бұл бағытта үлкен қызмет атқаруда. Түсіндіру жұмыстарының алдыңғы жылдардағыдай болмауы себебінен «әліпбиге көшу жұмыстары тоқтатылған» деген секілді жаңсақ пікірлер де жоқ емес. Алайда, жетілдірілген, мақұлданған әліпби төңірегіндегі көптеген ақпараттар барлық БАҚ-та белсенді түрде жария етілуде. Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.

2021 жылы 12 қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев он ұлттық жоба бекітті. Осы ауқымды ұлттық жобалардың бірі – «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы. Ұлттық жобаны әзірлеу мақсаты - ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Ұлттық мәдениет пен ұлттық әлеуетті қалыптастыру жолында «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы үш негізгі бағытқа бөлінген. Олар, «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілету және мемлекеттік тілді дамыту; «Ел рухы»; «Тәуелсіздік ұрпақтары».

Ұлттық жобада «Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі» көрсеткішінде жаңа әліпбиге байланысты бірнеше іс-шаралар қамтылған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың сәуірдің 12-сі өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің бірінші отырысында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге қатысты ойын ортаға салып: «Тағы бір өте маңызды мәселе. Бұл қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуіне қатысты. Бұл мәселе бүкіл қоғамның ықыласын тудырғаны белгілі. Мен бұрын бұл мәселе бойынша талай рет айттым: біз, ең алдымен, осы сәтті пайдалана отырып, қазақ тіліне реформа жасауымыз керек. Мәселе кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне механикалық түрде көшуде емес. Біз латын әліпбиіне тез арада көшуіміз керек деп, көптеген өрескел қате жібердік», - деді Мемлекет басшысы.

Жаңа жазу таңбалары қазақ тіл білімінің дыбыстық жүйелеріне негізделіп, лингвистердің зерттеу-пікірлері ескеріліп мақұлданса жаңа әліпби қазақ жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына үлес қосарына сеніміміз мол.

# «АҚТӨБЕ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ ӘДІСКЕРІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА»

**А.Т.Бисен,**
*«Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы*

2023 жылғы 25 мамыр күні киелі Атырау өңірінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті ұйымдастыруымен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тілдерді оқыту орталығы оқытушылары арасында республикалық байқау өтті.

Дәстүрлі республикалық байқау - қатысушылар мен тіл жанашырлары үшін кәсіби біліктіліктерін дамытуға, өзара тәжірибе алмасуға жол ашатын ауқымы кең, шоқтығы биік маңызды шара.

Бұл байқауға жер-жерден мақсаты айқын, өздеріне сенімді, білімді, мықты оқытушылар мен



әдіскерлер жиналды. Ақтөбе облысынан Тілдерді оқыту орталығының әдіскері Нұржанова Ақмарал Серікқызы қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Байқау үш кезеңнен тұрды.Алғашқы кезеңде қатысушылар өздерін және авторлық бағдарламаларын таныстырды. Екінші кезең ұяшықтар таңдаудан тұрды. Осы кезеңде Ақмарал Серікқызы отандық және шетелдік танымал әдіскерлердің сөйлеудің 4 дағдысын ұсынған тиімді әдіс-тәсілдері, әдістемелері, пікірлері туралы сұрақтарға толық жауап беріп, өз біліктілігін көрсетті. Соңғы кезеңде В1 деңгейіне сәйкес келетін өзге этнос өкілдерінен құралған топқа әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, жоғары деңгейде сабақ жүргізді. Сөйтіп, кіл мықтылар жиналған сайыста біліктілігі мен білімділігін қатар көрсетіп, қазылардың көзіне түсіп, жүлделі екінші орынды иеленіп, ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Ақмарал Серікқызы сізді жеңісіңізбен құттықтай отыра, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс, жаңа жетістіктер тілеймін. Жүрер жолыңыз ұзақ, алар асуларыңыз биік болсын. Еңбегіңіз елене берсін.



# ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## КРАТКОСРОЧНЫЙ ПЛАН

**Шарапатова Шолпан Нартаевна**
*КГУ"Бадамшинская средняя школа #2"*
*Учитель русского языка и литературы*

| | | |
|---|---|---|
| **Раздел** | **Путешествие в космос** | |
| **ФИО педагога Шарапатова Ш.Н.** | **Школа: КГУ «Бадамшинская средняя школа №2»** | |
| **Дата 13/04/2023** | | |
| **Класс 4 «А»** | **Количество присутствующих:** | **Количество отсутствующих:** |
| **ТЕМА УРОКА: 58 Планеты солнечной системы** | | |
| **Цели обучения в соответствии с учебной программой** | 4.2.4.1 пересказывать подробно истории/рассказы с целью привлечения внимания слушателя<br>4.5.1.6 согласовывать порядковые числительные с существительными в роде, числе, падеже | |
| **Цели урока** | Умеют подробно пересказывать истории, рассказы.<br>Знают порядковые числительные.<br>Применяют в письменной и устной речи словапорядковые числительные. | |
| **Ход урока** | | |

| **Этап урока/время** | **Действия педагога** | **Действия учеников** | **Ресурсы** | **Оценивание** |
|---|---|---|---|---|
| **Начало урока 2-3мин** | **1. Организационный момент.**<br>Приветствие учащихся на двух языках.<br>**2. Актуализация знаний.**<br>**(Ф)** Учитель предлагает мультипликационный ролик о планетах солнечной системы.<br>**(Деятельность учащихся)** | Учащиеся, смотрят видео, дополняют.<br>Формулируют тему и задачи урока. | Учебник,<br>Правила письма<br>Глоссарий<br>Тетрадь | ФО<br>Взаимооценка.<br> |
| **Середина урока**<br><br>**15 мин.** | **3. Изучение нового материала.**<br>**- Так о чем мы сегодня будем говорить?**<br>**После ответа**<br>**-Сегодня наш урок будет посвящен планетам нашей Солнечной системы.**<br>**С звездным небом мы познакомились на прошлом уроке, а сегодня мы поговорим о планетах нашей солнечной системы. А также узнаем много нового и интересного**<br>**-Сегодня вы научитесь пересказывать подробно текст, согласовывать порядковые числительные с существительными в роде, числе, падеже**<br>**-Ребята., а кто знает что такое планета?**<br>+ ***космическое тело***<br>+ ***Планета – это необычные небесные тела.***<br>**- Найдите пожалуйста на картинке планеты и давайте прочитаем из названия? Начинаем от солнца.**<br>+ ***Меркурий, Венера. Земля, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун. Плутон***<br>**- А сейчас проверим. Давайте все ли планеты назвали. И поможет нам в этом стихотворение, которое я сейчас вам прочитаю**<br>**Планеты у Солнца танцуют как дети:**<br>**Меркурий заводит их хоровод.**<br>**Чуть дальше Венера в пространстве плывёт.**<br>**Встречаем мы Землю**<br>**И огненный Марс, что кружит за Землей**<br>**За ними Юпитер, из всех великан.**<br>**И дальше Сатурн в кольцах видится нам.** | За каждый правильный ответ получают билет | **Презентация**<br><br>**Планеты солнечной системы** | **ФО**<br>Билет<br><br>**Взаимопроверка. Оценивание. Прием**<br><br>**Формативное оценивание. Прием «Билет».** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Последние три едва различимы,**<br>**Мрачны и холодны, но их различим мы**<br>**Уран и Нептун. и кроха Плутон.**<br><br>**- Все ли планеты назвали?**<br><br>**Итак ребята мы совершим путешествие в космос, давайте разделимся на группы 1, 2, 3, 4**<br>**Работа в тетради**<br>**-Давайте запишем ключевые слова нашего урока**<br><br>**Планета, атмосфера, телескоп, орбита, вокруг своей оси, углекислый газ, кислород.**<br>**(Г) Учитель предлагает разделится на группы, выполнить задание:**<br>✓ **Прочитайте. Подробно перескажите другим группам.**<br>✓ **Формулируйте толстые вопросы и задайте одноклассникам.**<br>**1 группа – Меркурий, Венера**<br>**2 группа – Марс, Юпитер**<br>**3 группа – Сатурн, Уран**<br>**4 группа – Нептун, Плутон**<br>**(Деятельность учащихся)**<br>**Критерий: формулирует творческие вопросы по содержанию текста.**<br>**Дескриптор:**<br>**- демонстрирует понимание прочитанного;**<br>**-составляет не менее 2 творческих вопросов по содержанию текста;**<br>**- отвечает на поставленные вопросы**<br>**4. Освоение изученного материала.**<br>**(-Ребята прежде чем приступить к следующей работе , давайте вспомним**<br>**-Что такое числительное?**<br>**-На какие разряды делятся числительные?**<br>**-Что означают количественные числительные?**<br>**-На какие вопросы отвечают порядковые числительные?**<br>**5. Закрепление изученного материала.**<br>**(И) Учитель предлагает игру «Кто больше?»**<br>**-Просмотрите видео и запишите числительные.**<br>**(Деятельность учащихся)**<br>**Работа в рабочей**<br>**Упражнение 4**<br>**Составь словосочетаня по образцу**<br>**На первой планете, на первом спутнике, у второго окна.**<br>**(И).**<br>**-А сейчас мы проверим внимательно ли вы слушали на уроке? Каждой группе предстоит создать проект нашей солнечной системы. Я вам раздам небо с орбитой, а вам всего лишь нужно в вписать планеты** | Читают выделенные предложения (задание2), пишут под диктовку учителя.<br><br>Работают с информацией.**PISA («тонкие» и «толстые» вопросы):** составляют толстые и тонкие вопросы.<br><br>Отвечают на вопросы<br><br>Составляют словосочетания по образцу: | **Информация о планетах**<br><br>**Правило** | **Формативное оценивание. Прием «Билет».** |
| **Конец урока 5 мин.** | **5. Итог урока.**<br>**(К, Ф)** - А теперь подведем итог всего того, о чем мы говорили на уроке.<br>- Какие открытия сделали вы для себя ?<br>*+ планет в нашей Солнечной системе всего 9*<br>*+ жизнь на одной планете – Земля.*<br>*+ они названы в честь древних богов.*<br>*-А теперь посчитаем билеты и посмотрим кто же из вас собрал больше билетов и готов к следующим путешествиям.*<br>Вспомните, чему вы научились на этом уроке, что было для вас сложным, легким в исполнении. | **Отвечают на вопросы**<br><br>**Домашнее задание.**<br>Учебник, задание 1. Выучить наизусть считалку. | **Звездочки с вопросами** | **Рефлексия «Ракета».** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **(К)** Учитель предлагает прочитать считалку Я.Акима о планетах солнечной системы.<br>**(Деятельность учащихся)**<br><br>**Дополнительно :** Загадки.<br><br>1. Девять братьев и сестер<br>Вокруг мамы бродят,<br>Отражая её свет,<br>Хороводы водят.<br>/ Солнце и планеты/<br>2. Загадочна, в белой вуали<br>Летит она в дальние дали<br>И, может быть, даже красива,<br>Но в дымке едва различима.<br>/ Венера/<br>3. Тепла, красива , зелена-<br>Для многих отчий дом она.<br>И много миллионов лет<br>От нас она хранит секрет.<br>/ Земля /<br>Планета эта горяча,<br>К Солнцу ближе всех она.<br>/ Меркурий /<br>4. Одному, конечно скучно,<br>Друга срочно вызвать нужно !<br>И не двух, не трёх – за раз,<br>Тридцать будет в самый раз.<br>Пусть кружат . летят вокруг,<br>Создавая плотный круг.<br>/ Сатурн /<br>5. Это пятая планета<br>Очень крупная она<br>Носит имя, планета эта<br>Самого главного божества.<br>/ Юпитер / | | | |

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯДА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

**Ә.Ә.Сүйналина**
*Хромтау аудандық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы*

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу біткеннің бәрінен білім-өлі білім дейді. Себебі, нәрсені затымен, атымен, бейнесімен үйретеді, әдіссіз білім аз болады деп, білім берудегі әдіс - тәсілге үлкен мән берген.

Зерттеушілердің пікірінше, білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалауға негізделген тыңдау түсіну, оқу- түсіну, жазу, сөйлеу - сұхбат құру «Тіл» мен «сөйлеу» дихотомиясы және тілдік қарым- қатынас құралы. Бұл - тек қатынас құралы ғана емес,әр адамның өмір сүруі үшін ауадай қажет байлығы.

Мемлекеттік тілді меңгеру өмір талабы, заман сұранысы, қоғам сұранысы дегенім жөн болар. Оқытудың жаңа технологиясын меңгеру, тәжірибеге енгізу мен еуропалық стандарттық үлгілерге жақындастыру. Яғни,тілді жеделдетіп үйретудің психолингвистикалық әдістері мен мазмұнын, құрылымын өзара сабақтастыру.

Мұндағы мазмұны деп отырғанымыз күнделікті жиі қолданыстағы белсенді лексика,ал құрылымы дегеніміз әдіс-тәсілдері оңтайлы, ұтымды тұстары. Мысалы:

**Интерактивтік оқыту жүйесі –** (inter -өзара), (act – іс-әрекет жасау)

Тіл үйренушілер белсенді түрде ұйымдастырылатын оқу әдісі.

Мемлекеттік тілді меңгерту ісі қарапайым, икемді, жүйелі, таныс сөздермен, ауызекі сөйлеудегі шарттарға негізделсе,ұтымды сапаға тікелей негізделеді.

«Алтыбақан». Тіл үйренушілер екі екіден түрлі жұмыстар жасайды.

«Үш дегенім - күш». Тіл үйренушілер бірін- бірі алмастыра алатындай болып, үш-үштен тапсырма орындайды.

«Қазақ ауылдары». Әр ауылға ат қойып, тіл үйренушілер кіші топтарға бөлініп тапсырма орындайды. Соның нәтижесінде, қиындығы аз болмайтын тіл меңгеру сияқты күрделі мәселені шешуге болады деп ойлаймын. Базалық деңгейде білімін игеріп,ауызекі тілде сұхбаттасуды үйреніп шығады. Мұның бәрі тіл үйрету әдістемесінің қажетті құрамдас бөліктері.

Жаңаны танып-білу, ескіні өзгерту барысында Қазақстанның бүгінгі жайы мен келешегіне бей - жай қарамай, ел зиялыларының ұлт мүддесі үшін қазақ тілін бағдарға ала отырып, «оятып» та, «ойлантып» та кеткен Телжан Шонанұлының еңбектері жөнінде сөз қозғамақпын.

«Орыстар үшін қазақша әліппе » атты еңбегінде дұрыс жазу және қазақша сөйлеуге баулуға арналған.

Біріншіден, суреттермен безендірілген, баспа жазу мен тіл үйренудің бастапқы сатысында қарапайым сөздерді басшылыққа алады.

Екіншіден, жаттанды емес, жеңілден күрделіге, жалықтырып алмайтындай әрекетке көшуді қарастырады.

Үшіншіден, ары қарай, қабылдау, ұлттық тілді, қоғамды дамытуға, ілгері басуға, халықтың санасына әсер етуге тырысады. Кітаптың соңында қазақша - орысша сөздік беріледі.

Логика - граматикалық, құрылымдық - граматикалық теориялардың өзара қатынасын талдау арқылы байланысты жандандыруға зор үлес қосты. Қазақ зиялыларының ұлт мүддесі, тәуелсіздігі жолындағы күресі егеменді Қазақстан үшін тағылымы мен ғибраты мол жол болмақ. Алаш зиялыларының азаттық жолындағы істерінің байыбына барған сайын аларымыз көп.

Тіл үйренушілердің білім,білік дағды деңгейлерін одан әрі ұштауға қажетті жұмыс сөз тіркесі, сөйлем, сөйлеммен диалог, мәтін құрастыру арқылы жүзеге асырамыз.

Курстың тіл үйренушілері ауызша,жазбаша сөздік қорын кеңейтуге бағытталады. Тіл үйренушінің мемлекеттік тілде белсенді қатысқа түсуіне ықпал етсе,оның рухани,танымдық өрісі кеңеюіне мүмкіндік жасау. Яғни, жеке ерекшеліктерін,тілді меңгеру жағдайын ескеру негізінде оқу мазмұнын қайта өңдеп, есте сақтауын, оны түсінуіне жағдай жасау,өзара сабақтасқан біртұтас жүйені құрауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе оқытушы мен тіл үйренушінің арасындағы белсенді қатысымдық, уәждік, бақылаушылық жүйе.

Қорыта келе, тіл үйренушінің айтар ойы, қазақша сөйлеу дағдысы, орынды қолдануға жетелейтін құзыретті дамудан тұрады.

Кері байланыс жасап, тартымды тапсырма мен ынтасын оятып, жан-жақты, жеке-жеке қарастырумен үйлесім табады.

| | | |
|---|---|---|
| Оқытушы<br>Топ деңгейі<br>Тақырып<br>Грамматикалық тақырып<br>Сабақтың мақсаты | | **Қожықов Бердібек Талғатұлы**<br>А1<br>Қазақ тіліне саяхат<br>Төл әріптер. Жалғаулар.<br>· Төл әріптерді және жалғаулардыеске түсіру.<br>· Тыңдаушылардың сөздік қорын арттыру.<br>· Төл әріптерді анық айтуға, жалғауларды күнделікті қарым-қатынаста қолдануға дағдылау. |
| | | Сабақ барысы |
| Сабақтың басы | Өткен сабақты қайталау. |  |

| | | |
|---|---|---|
| Үй жұмысы | | **Нөлдік формадағы сөйлемдермен құрастырып келген азғантай мәтініңізді оқыңыз.** |
| Өткен сабақты қайталау | | **Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Олар қай септікте тұрғанын айт. Табыс септік жалғауының астын сыз.** Айжан **кітапты** көп оқиды. Оқушылар қысқы **демалысты** қызықты өткізді. Әкесі **Әселді** мұражайға апарды. **Шекараны** шекарашылар күзетеді. Ұшқыш **айт. Табыс септік жалғауының астын сыз.** Айжан **кітапты** көп **ұшақты** ұшырыды.**Нөлдік формада он сөйлем құрап айт.** Мысал:*Өмірді көрдім, бәрінде білдім, ұйқысыз жүрдім, сонда да көндім.* |
| Жаңа тақырып | Қазақ тіліне саяхат. Жаңа сабақпен таныстыру. Сабақ кезеңін аялдамаға бөлу. | <br> |
| Жаңа сабақ бойынша білетіндеріңізді айтыңыздар. | Карточкалар тарату.<br>«Миға шабуыл» әдісі | <br><br>1-аялдама: Қазақтың төл әріптер аялдамасы.<br>Төл әріптер: Ә, Ө, І, Ң, Ғ, Ү, Ұ, Қ, Ө, Һ.<br>Мазмұны... |
| 1 тапсырма | «Кім жылдам?» дидактикалық ойыны. Ойын шарты кеспе әріптерді пайдалану, о-ө әріптерінің орындарын ауыстырып, сөз құрау: | Соз – сөз, тор – төр, от – өт, жон – жөн, он – өн, тон – төн; |
| 2-тапсырма. | «Адасқан әріптер» Керек әріптерді қойыңыз: | Қаза...стан, қазақ т...лі, т...л әр...птер, Ор...нбор, Акт...бе, татул...қ, с...з, жарайсы...! |

<table>
<tr><td>3- тапсырма</td><td>Кестеге мұқият қараңыз! Қ дыбысынан басталатын сөздерді жазыңыз.</td><td>
<table>
<tr><td>Қ</td><td>А</td><td>Р</td><td>Ы</td><td>Н</td><td>Д</td><td>А</td><td>Ш</td><td>У</td><td>С</td></tr>
<tr><td>Ұ</td><td>Т</td><td>Т</td><td>С</td><td>Г</td><td>Ш</td><td>Ж</td><td>Қ</td><td>Е</td><td>Т</td></tr>
<tr><td>С</td><td>Қ</td><td>А</td><td>Н</td><td>Т</td><td>Г</td><td>П</td><td>А</td><td>В</td><td>О</td></tr>
<tr><td>Қ</td><td>Ы</td><td>С</td><td>О</td><td>Я</td><td>Н</td><td>М</td><td>Н</td><td>А</td><td>Р</td></tr>
<tr><td>Қ</td><td>А</td><td>Т</td><td>Ы</td><td>Қ</td><td>Е</td><td>Ы</td><td>А</td><td>Р</td><td>Н</td></tr>
<tr><td>А</td><td>Қ</td><td>А</td><td>З</td><td>А</td><td>Қ</td><td>С</td><td>Т</td><td>А</td><td>Н</td></tr>
<tr><td>Л</td><td>О</td><td>И</td><td>У</td><td>Й</td><td>У</td><td>Ы</td><td>И</td><td>Ш</td><td>Щ</td></tr>
<tr><td>А</td><td>Л</td><td>Қ</td><td>Ұ</td><td>Ш</td><td>А</td><td>Қ</td><td>К</td><td>У</td><td>А</td></tr>
<tr><td>М</td><td>Ы</td><td>Ы</td><td>Н</td><td>Ы</td><td>Т</td><td>Ю</td><td>Ф</td><td>Й</td><td>М</td></tr>
<tr><td>Қ</td><td>А</td><td>З</td><td>А</td><td>Қ</td><td>А</td><td>Қ</td><td>А</td><td>Р</td><td>А</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>4- тапсырма.</td><td>(1,2,3.) номерлі карточкасы барлар төлем жасайық. Яғни, карточкадағы сұраққа бір бірлеп жауап берейік.</td><td>1. (Төл дыбыстарды табыңыз: Б; С; Ғ; І; Н; О; Ө; Ш. Тапқан төл әріптен басталатын сөз айтыңыз.)<br>2. (Біз қандай аялдамадамыз?)<br>3. (Төл дыбыстарды табыңыз: Ә; Ж; Ф; Ы; Ц; Ұ; Л; Ү. Ойыңыз.)</td></tr>
<tr><td>5-тапсырма.</td><td>Қазақша сөздер аялдамасы. «Крокадил» ойыны. Сөз жасырылған карточкалар болады. Бір бірлеп шығып 1 карточкадағы сөзді ыммен, іс-қимылмен түсіндіреді.</td><td>КІТАП.<br>ТЕЛЕФОН<br>СЫЗҒЫШ<br>ТАҚТА<br>АЙНА<br>ҚАЙШЫ</td></tr>
<tr><td>6- тапсырма.</td><td>(5,6,7.) номерлі карточкасы барлар төлем жасайды.</td><td>5. (Күн - ?, Ай -?, Повторять - ? Жаз - ?.)<br>6. (Біз қандай аялдамадамыз? Пікіріңіз)<br>7. (Өзіңіз білетін қазақ тілінен бес сөз.)</td></tr>
<tr><td>7- тапсырма.</td><td>Жалғаулар аялдамасы<br><br>Сен мақал білесің бе? Мақал мәтелдің сөздері жалғаусыз жазылып тұрады . Мақалдың сөздеріне жалғау жалға</td><td>Түсіндіру.<br>Сөздің мағынасын өзгертпей түбірге жалғанатын қосымшаны жалғау деп атаймыз. Жалғау сөз бен сөзді байланыстырады.<br>Мысалы: Балық<br>Балық+тар<br><br>Отан - от......... да ыстық . ( -тан)<br>Жалқау ..... жаны тәтті , ( -дың )<br>Еңбек.......... наны тәтті (-тің)<br>Ел ел.......... бәрі жақсы . (-дің)<br>Өз ел................ бәрінен жақсы .(-ің)<br>Ер.......... атын еңбек шығарар .( дің )<br>Оқу ине........... құдық қазғандай . (-мен)<br>Дос сыртың........... мақтар , (-нан)<br>Дұшпан көзіңе мақтар.<br>Ер елің ............. , гүл жерін ............ . ( -де).</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 8- тапсырма. | 4,9,10. номерлі карточкасы барлар төлем жасайды. Яғни, карточкадағы Сұраққа бір бірлеп жауап береді.<br>«Дыбыстау» ойыны. | 4. (Сізге бүгінгі сабағымыз ұнап жатыр ма? Ойыңыз.)<br>9. Біз қандай аялдамадамыз?<br>10. Суреттер беріледі. (Бүркіт) -тің, -тер, -пен, -ке жалғаулар жалғап айту.<br>Фильмен өткен тақырыпқа байланысты тыңдаушы деңгейіне сәйкес келетін үзіндіні дыбыссыз көрсетіледі. 2 тыңдаушы шығады. Қолдарын деңгейіне сәйкес диалог беріледі. Сол диалог арқылы үзіндіні тыңдаушылар рөлге еніп, дыбыстауы тапсырылады. Алдымен үзінді дыбысымен көрсетіледі. |
| Соңғы аялдама | 7. Тілек аялдамасы | <br> |
| Сабақты бекіту | (11, 12) номерлі карточкасы барлар төлем жасайық. | 11.Дұрыс емес жалғауды табыңыз.<br>Отан - от+тің да ыстық.<br>Жалқау+дың жаны тәтті,<br>Еңбек+дің наны тәтті<br>Ел ел+дің бәрі жақсы.<br>Өз ел+ің бәрінен жақсы.<br><br>12. Сабақтың барысына пікіріңіз? |
| Тілек. | Каробка беріледі. | Каробка беріледі. Сол каробкада басында жазып берген адамдардың біреуінің аты бар деп айтамын бірақ каробкада айна болады өз өздеріне тілек айтады, бірақ өзіне тілек айтып жатқанын ешкім білмейді. Болғасын кімге тілек айтқаны сұралады. Сосын не үшін бұлай жасалғанын айтамын. |
| Қорытынды | Барлығыңызға тілеймін! | <br> |

# ҮЗДІК САБАҚ

**I.M.Turumbetova,**
*Romeo and Juliet*

| | | |
|---|---|---|
| **Unit:9** | Reading for pleasure | |
| **Teacher name:** | I.M. Turumbetova | |
| **Date:** | 25.01.23 | |
| **Grade: 7a,ə** | **Number present:** | **absent:** |
| **Theme of the lesson:** | Romeo and Juliet WB p.90 | |
| **Learning objectives** | 7.R4 read independently a limited range of short simple fiction and non-fiction texts<br>7.C10 use talk or writing as a means of reflecting on and exploring a range of perspectives on the world<br>7.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics | |
| **Lesson objectives** | • **All learners will be able to:** Identify the theme, new words and use them as the basis for discussion.<br>• **Most learners will be able to:** Provide a point of view in conversations and discussions; describe the plot of the book using active vocabulary.<br>• **Some learners will be able to:** Respond to and discuss the reading passage using interpretive, evaluative and creative thinking skills. | |

**Lesson structure**

| **Planned timings** | **Teacher's activities** | **Student 's activities** | **Assessment** | **Resources** |
|---|---|---|---|---|
| Beginning the lesson | 1.Greeting.Organization moment<br>Dear pupils, I'm glad to see you. I'm sure you are ready for active work. Let's start our lesson.<br>- Well, how are you today?<br>- Who is on duty today?<br>- Who is absent?<br>- OK. Very good! | Sts warm/greet the teacher<br><br>Students answer the questions | Formative assessment<br><br>Formative assessment is held through observation/ monitoring.<br><br>Comments | WB<br><br>PPT<br><br>Worksheets |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Main Activities | What did you do yesterday?<br>For example, ______. Сен кеше не істедің?<br><br>**Activity 1. Individual work**<br><br>Ex.1 Before read the first, complete the paragraph with the words below.<br><br>Enemies, families, fight, man,<br>Marry, masks, party<br>Romeo and Juliet is a play about two important1____ called the Capulets and the Montagues,who live in Verona.<br><br>Ex.2 Read the first extract. Write true or false<br>1. Lady capulet knows the men who arrive.______<br>2. Lord capulet wants to dance.___<br>3. Juliet dances with Romeo.____<br><br>**Activity 2. Pair work**<br><br>Ex.3 Work with a partner. Read the questions and discuss possible answers.<br><br>1. What do Romeo and Juliet learn text?<br><br>2.How do they feel about it?<br><br>**Activity 3. Group work**<br><br>**Ex.5 Discuss the question in a group. Compare your ideas with the rest of the class.**<br><br>**What do you think happens next in the story?** | Sts answer the questions<br><br>Complete the sentences<br><br>Sts put in right order<br><br>Students answer the questions<br><br>Students discuss | 10<br><br>Oral<br><br>Formative assessment<br><br>stickers<br><br>Formative assessment is held through observation/ monitoring.<br><br>Comments | S/B<br><br>Poster<br><br>WB.p.90 |
| End | **Home task:** Ex 4 p.90 WB<br>**Saying goodbye** | Sts reflect the lesson | | |

**С.Ж.Кайргалиева**
*Тамды орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | ІХ бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология |
| Педагогтің аты-жөні: | Тамды орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С.Ж.Кайргалиева |
| Күні: | 27.03.2023 ж. |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Отан оттан да ыстық |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.1.4.1. Мәтін тақырыбы,сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау<br>7.2.4.1. Идеясы ұқсас публистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрлымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| Сабақтың мақсаты: | Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды.<br>Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br> | **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады.<br>Өз ойымен бөліседі. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. | №1-тапсырма: Сұрақтарға жауап береді.<br>1. Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды?<br>2. Ұлы Отан соғысы туралы не білесің?<br>3. Неліктен бұл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деп аталады?<br>4. Сенің ата-әжең немесе туыстарың Ұлы Отан соғысына қатысқан ба?<br>5. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері қалай болды? | ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік-пен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | Оқулық, жұмыс дәптерлері |
| Сабақтың ортасы<br> | 2-тапсырма. Берілген суретке әңгіме құрастыр.<br> | Берілген суретке қарап, әңгіме құрастырады. | Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік-пен қатысқан оқушыға | интерактивті тақта, кесте<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | |
|  | Отан, туған жер, атамекен туралы мақал-мәтел жазу, морфологиялық талдау жасау. | Отан, туған жер, атамекен туралы мақал-мәтел жазады, морфологиялық талдау жасайды. | «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. | Мақал-мәтелдер жинағы  |
|  | 4-тапсырма. Өлеңді тыңдап, өлеңдегі көркемдегіш құралдарды анықта. | Өлеңді тыңдап, өлеңдегі көркемдегіш құралдарды анықтайды. | | |
| Сабақтың соңы | **«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | ***Жеке жұмыс:*** - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- бүгін сабақта қуантқаны.....<br>- мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- сабақтан соң маған........келді<br>- бүгін маған..........сәті түсті.<br>- қызықты болғаны.....<br>- ......қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>- енді мен......аламын. | Мұғалім оқушыларды **«Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын!<br><br>Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады. |  |

# «В МИРЕ ИНТЕРЕСНОГО»

**А.С.Сейдалиева**
*Алгинская средняя школа №4*

**Цели урока:**
1. Развивать познавательную активность учащихся, расширять кругозор.
2. Развивать коллективные навыки в игре, творческие способности, воображение.
3. Воспитывать чувство взаимопомощи, доброжелательность друг к другу, любовь к природе.

**Оборудование**: ребусы-плакаты, коробочка с картинами.

**Ход мероприятия:**

Дети, мы сегодня вами поиграем в игру **«Счастливый случай».** Для этого мы выберем ребят, составим из них две команды. Каждая из них выберет себе капитана. И начнем нашу игру.

***1. Конкурс Узнай сказку***

| | | |
|---|---|---|
II задание (И). Работа с видеоматериалом. Стратегия «ПОПС- формула»
Прослушать текст, определить тему и идею произведения.
**ПОПС – формулы**:
П – позиция «Я считаю, что…».(тема произведения)
О – объяснение (или обоснование) «Потому что …».(идея такова…)
П – пример «Я могу это доказать на примере …».
С – следствие (или суждение) «Исходя из этого, я делаю вывод о том, что…».
Карточка
«Монолог актера» в исполнении БахытаКаирбекова

(Задание направлено на расширение словарного запаса, развитие навыков слушания,критического мышления

Критерии
**Дескрипторы**
Демонстрирует понимание текста
-определяет тему,
-понимает идею произведения
IIIзадание (П) Стратегия «Если это ответ, то какой вопрос»
1.Бахыт Каирбеков- и поэт, и переводчик, и автор детских книг, и кинорежиссер.
2.»Монолог актера»-лирическое произведение.
3.В произведении «Лица друзей» автор с особой теплотой и нежностью говорит о своих друзьях.
4.Герой произведения овладевал наукой быть серьезным.
(Задание направлено на развитие навыков говорения,аналитического мышления)
Карточка с предложениями каждому ученику
Критерии
Дескрипторы
Работает над вопросом
-понимает изученный материал
-формулирует вопрос
Конец урока5 мин
Рефлексия.
(И) Стратегия «2 звезды и 1 пожелание»
(Задание направлено на самоанализ деятельности на уроке)

# ОҚЫРМАН БЕНЕФИСІ

**В.Ш.Утеуова**
*Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы*
*№2 Бадамша орта мектебі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

**Іс-шараның мақсаты:** Махаббат және сүйіспеншілік тақырыбында оқылған шығармаларды талдау арқылы ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор тұлға болуға баулу. Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге.

**Көрнекілігі:** «Менің сүйікті кітаптарым» атты көрме, оқырман формулярлары.

Нақыл сөздер:

1. «Кітап- жан азығы», «Кітап- білім бұлағы, білім - өнер шырағы».
2. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге.» Абай Құнанбаев.
3. «Әрбір адамның ең жақын досы- өмірлік досы – кітап болуы тиіс.» М.Әуезов.

*Пайда ойлама, ар ойла,*
*Талап қыл артық білуге.*
*Артық білім кітапта,*
*Ерінбей оқып көруге.*

**Абай Құнанбайұлы**

**Өткізілу барысы:**

**Мұғалімнің кіріспе сөзі : «**Бенефис ұғымын біз қалай түсінеміз?

Француз тілінен аударғанда «пайда, кіріс» дегенді білдіретін бұл терминнің театр әлемінде алар орны ерекше. Бенефис – бұл белгілі бір өнер адамының, көбіне әртістің мерейтойы қарсаңында оның шығармашылық шеберлігінің алдында бас ию ретінде қойылатын арнайы спектакль. Оның «бенефис» деген терминге қатысы сол – қойылымнан түскен табыс толығымен сол адамға сыйақы ретінде ұсынылады.

Әлемде тұңғыш рет бенефис 1735 жылы Францияда бастау алған. Ал Ресейге бұл үрдіс 1783 жылы еніп, 1809 жылға дейін бенефис тек әртістердің ғана емес, драматург, сазгерлердің құрметіне де қойылып келген.Сол тұста орыс театрында түгелімен патша әмірлігі жүрсе де, бенефис берушіге көрсетілген құрмет сондай – ол өзінің бенефисінде қандай қойылым қою керектігін таңдау құқығына ие болған. Соның арқасында өнер адамы табысты көп әкелетін қойылым қойып, қалтасына қомақты қаржы түсіре алған. Ал бертін келе кеңестік кезеңде бенефистің бастапқы салты өзгеріп, одан түскен қаржы қазынаға құйылып, әртіске тек белгілі бір бөлігі ғана сыйақы ретінде ұсынылды. Бүгінде, бір жақсысы, бастапқы бенефис қайта жаңғыртылуда.

Қазір бенефис термині өзінің негізгі мағынасынан бөлек те сәтті шыққан актерлік ойынмен қатар, спорт командасына және тіпті кез келген ұтымды әрі нәтижелі іске де қатысты қолданыла беретін болды.

Халқымыз өнер мен білімді қастерлеген. Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат- білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы ұстаз санаған.» Кітап- білім бұлағы, білім-өмір шырағы» деген қанатты сөз қалдырған.» Артық білім- кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап - тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, Сіздер бүгін оқырман бенефисін келіп отырсыздыр, XXI ғасыр- білім, ғылымның ғасыры. Еліміздің Еуразия жүрегіндегі Жаңа Қазақстанды өркендетудің 2030 жылға дейінгі бағдарламасына талабы таудай, қабілетті, ізденімпаз жастар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой екені, ондай жастардың әлемдік бәсекелестікке төтеп беретіні, ұлт ақыл-ойының ұйытқысы болатыны көрсетілген.

Бәсекеге қабілеттіктің басты көрсеткіші - білім, ал білімнің кәусәр бұлағы кітап екені бәрімізге белгілі. Өркениеттің көшінен қалмау үшін біз білім сапасын арттыруымыз қажет. Болашақ білімді жастардың қолында. Біз сіздерді бүгін білімді де, талантты «Үздік оқырмандарымызбен» таныстырамыз. Олардың оқу шеңбері кең және әр түрлі, олар кітапханадан кітап тадауда талғамы ерекше, кітаптарды үнемі үзбей оқытын оқырмандар десек те болады. Олар қызықты әңгімелеушілер, қызықтыра жеткізушілер, түрлі байқаулардың белсенді қатысушылары.

**Оқырман бенефисіне қатысушылармен таныстыру**.

1. 9 « Ә» сынып оқушылары:
2. 9 « Б» сынып оқушылары:

**Оқырмандарға қойылатын шарт:**

1. Ең сүйікті көркем шығарма
2. Шығарма фабуласы
3. Қызықты да әсерлі эпизод (үзінді оқу)
4. Концептуалды түйсікті білікті оқырман. (Ойтүйін)

**Мұғалім сөзі:** Әр оқырман ойдыерекше, әсерлі жеткізіп, шығармашылық танытуы керек.

- Құрметті ұстаздар, Сіздерден бізге оқырман формулярларын құруға көмектесу сұралады. Ол үшін алдарыңызға қойылған қағаздарға назар аударыңыздар. Әр оқырман сөзін аяқтағаннан кейін оқушы деңгейіне сай бағалау сөйлемдерін жапсырып отыру сұралады.

Адамзат қоғамы тарихында жазу - сызу басталғалы кітап бейне кәусар бұлақтай адамдардың рухани сусынын қандырып, жанын жадыратып келе жатқан рухани құндылық есептеледі. Сонымен бірге, кітап – қоғамды дамытатын қуатты құрал ғана емес, кейінгі ұрпаққа өшпес із болып қалар құнды белгі. Адамзат тарихында әр қоғам өзінің құндылықтарын әр кез соңына кітап арқылы қалдырып отырған. Шындығына келер болсақ, кітап таусылмас рухани қазынаның ең негізі, бастау алар бұлақ көзі есептеледі. Кітаптың құндылығы жайында дана халқымыз «Білімнің бастауы кітап»,- десе, данышпан Абай «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»,- дейді. Ал ұлы драматург Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат»,- деп кітаптың құдіретін, оның мәртебесін онан ары асқақ көтеріп көрсеткен болатын. «Кітап заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбатты қазынасын ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі»

Оқушылар түгел тыңдалғаннан кейін Бенефицианттар бір – бірін тыңдай отырып, «**Оқырман болу нені білдіреді ?»** деген қорытынды сұраққа жауап береді.

**Қонақтардың ұсыныс-тілектері**

Мұғалімнің қорытынды сөзі: «Мен жастарға сенемін»,- деп Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай, ұлтымыздың болашағы бүгінгі жастардың қолында. Сол жастарымыз рухани сауаттылығы мықты болса, ұлтымыздың ұлағаттылығы мәңгі сақтала бермек. Халқының көңілінен шығатын, елінің үмітін ақтайтын, өткен ұрпақтың есесін түгендеп, келешек ұрпақтың мерейін үстем ететін Тәуелсіз еліміздің азаматтары рухани сауаттылықпен білім көгіне самғай беріңдер демекпін.

**А.Жұмағалиева**
*Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

| | |
|---|---|
| Күні: 12.12.2022 | Пәні: қазақ тілі |
| Сынып: 9 «Ә» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты. 2-сабақ. |
| **Оқу бағдарлама-сына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;<br>9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру (Ыңғайлас салалас,себеп-салдар салалас,қарсылықты салалас) |
| **Сабақтың мақсаты** | - мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады<br>- салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі, (Ыңғайлас салалас,себеп-салдар салалас,қарсылықты салалас); |

| | |
|---|---|
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғарғы руханият» құндылығы негізінде, оқушыларды өз құқығын қорғауға, ата заңды білуге, құрметтеуге тәрбиелеу; |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы 10 мин | Оқушылармен амандасу<br>Оқушылардың назарын сабаққа аудару<br>Үй тапсырмасын тексеру<br>Топқа бөлу | Үй тапсырмасын айтады | Ауызша мадақтау | Жұмыс дәптері<br>АКТ<br>world wol |
| Сабақтың 25 мин | **Оқылым алды тапсырма:**<br>ортасы **«Сұрақ қою тәсілі»**<br>1. Қоғамда адам құқықтары мен бостандықтары қажет пе?<br>2. Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>3.Зайырлы мемлекет болу үшін адам құқығын сақтаудың маңыздылығы неде?<br>**Оқылым тапсырмасы (А мәтіні)**<br>Адам құқықтары мемлекеттің басты қуаты Адам құқықтары мемлекеттің басты күші болған- дықтан, біздің ел тәуелсіздікке қол жеткізеді және тәуелсіз мемлекет болған күннен бастап үлкен мән беріледі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау. Мұның басты дәлелі-бұл барлық біздің ата-ана заңымыз азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналған. Адам құқықтары адамның муддасын қанағаттандыруға бағытталған, демократиялық заңмен бекітілген құндылық. Мемлекеттің міндеті-сақтау, қорғау және тану, адам құқықтарын құрметтеу. Мемлекет өз азаматтарына құқықтар мен құқықтарды қамтамасыз етуге міндетті бостандықтар (өз өмірінің қауіпсіздігі, адамның бостандығы мен ар-ожданы, сақталуы мен дамуы жеке тұлғаның қажет-тіліктеріне сәйкес келеді. Адам құқықтары жеке тұлғаның табиғи мүмкіндіктері арқылы қоғамның барлық салаларында- әрекет ету, өз қадір қасиетін, ар-намысын, қадір-қасиетін қорғау, қамтамасыз ету жақсы | Дескриптор:<br>- Мәтін мұқият оқиды<br>- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды<br>- Мәтін сипатына, құрылымына мән береді<br>-Тақырып бойынша пікір білдіреді | Топпен жұмыс<br><br>Мәтіндерді оқуға уақыт беріледі | АКТ<br>world wol<br><br>Таратпа материалдары<br><br>Әр топқа бағалау парағы беріледі |

өмір. Бүгінде бүкіл мемле-кет адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғап, кепілдік беруі керек.”- Қазақстан ҰБТ” Заңы-ның 1-бабында мұндай заңға Тәуелсіз Қазақстан артта қалмайды: “Қазақстан Республикасының ең құнды қазынасы-бұл адам және өмір, адамның құқықтары мен бостандықтары”. Заңның бұл сөздері Қазақстанға береді әлемнің дамыған елдерінің қатарында қалудың моральдық құқығы. Қазақстан Республикасы адам құқықтарына қатысты бірнеше халықаралық конвенцияларға қосылды. Дүниежүзілік қауымдастық қатарына қосылғаннан бері.

**Ә мәтіні**

**Оқыған азамат**

Сонымен, Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып, сұрастырып, ізденіп жүріп, аяғында оқу бөлімінің жанында жас баланың қамын жейтін кеңсені тауып алып, соған арыз кіргізді. Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез иландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлеп, есебін тауып жүр. Ақыры бұл кеңсе Қадишаның арызын қарастырып, аяғында Мақсұттан қалған дүние-мүліктің бәрі «жас баласы – Жәмилаға ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ер жеткенше «опекун» Жұмағұл болады» деп бұйрық берді...

Кемпір бұл сөзді естігенде, басына Мақсұттың өлімімен тең қабат қаза келгендей болып, аузы күбірлеп жалбарынып, жағасын ұстады. Баласы өлгеннен бері қарай бір күн болмаса, бір күн көремін-ау деген зорлық, жетімдік жаңа ғана көз алдына бетпе-бет келгендей болды... Кемпір бар қуатын жиып алып:

– Мен баламнан, арғы ата-бабамнан қалған мүлікті туған емес, туысқан емес, дұшпан болып отырған Жұмағұлға неге беремін? Менің балам жоқ болса да, ағайыным бар, Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін! ырзалығыммен бір сабақ жіп бермеймін. Құрап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмақ болысыңдар ғой, көптіктеріңді істей беріңдер!- деп Дүйсенді үйіне қайырды. Бірақ Қадишаның ұлықтан әкеп отырған бұйрығын естіген соң және өзінің көмексіз жалғызын ойлаған сайын, кемпір есінен адаса бастады. Есіне баласының бұрынғы жолдасы Мейірхан есіне түсті... көмек сұрады.

Ертесіне Мейірхан Жұмағұлға жолығып:

– Шіркін, адамшылық қарызы деген бар емес па? «Оқыған» деген атың қайда?.. Неменесіне өлгелі отырған кемпірді жылатып, кешегі жолдасың – Мақсұттың әруағын кеңіреттің? - деді.

...Бірақ сол күні кешке кемпірдің «дүниені бермеймін» деген сөзін естіген Жұмағұлға қолындағы бұйрық қағазды милицияға алып барып, содан үш солдат алып, Мақсұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келді... Сол сәтте кемпірдің бірер секунд өткенде, демі бітіп үзілді.

Жұмағұл, Қадишаның мұратыорнына келді...

**Оқылымнан кейінгі тапсырма**

**1-тапсырма. Мәтінді талдаудың «Тұжырым картасы» тәсілі.**

Көрсетілген сызба бойынша құрылымы мен рәсімделуін жанрлық ерекшелігін жұппен талдаңыз. Тақырыбын, құрылымын, қызметін, тілдік ерекшелігін салыстырыңыз.

**Екі мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша «Тұжырым кестесі»**

| А мәтіні | Мәтін тақырыбы | Ә мәтіні |
|---|---|---|
| **Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты** | Формасы | **Оқыған азамат** |
| | Жанры | |
| | Мақсаты | |
| | Аудиториясы | |
| | Мазмұны | |
| | Стилі | |

| № | Мысалдар | Ыңғайлас | Қарсылықты | Себеп-салдар | Түсіндірмелі | Талғаулы | Кезектес |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары және бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. | | | | | | |
| 2 | Американдықтар алғашында адам құқығы туралы сөз қозғаған жоқ,бірақ өздері жоғары бағалаған бостандық туралы айтты. | | | | | | |
| 3 | Адам құқықтары - ең жоғары мәдени құндылықтардың бірі, өйткені олар қоғамдық дамудың барлық процестерінің орталығында тұлғаны қояды. | | | | | | |
| 4 | Менің заңға бағынатыным сонша, оларды үнемі сақтап жүруге тырысамын. | | | | | | |
| 5 | Адам құқықтары мен бостандықтарын, оларды қалай қорғап қалуды білу керек, әйтпесе құқықтық тетіктердің тиімділігі туралы айтудың мағынасы жоқ. | | | | | | |
| 6 | Адам өз қалауы бойынша азаматтықты біресе қабылдап, біресе одан бас тарта алмайды. | | | | | | |

**Дескриптор:**
- Мәтіндердің ұқсастығын анықтайды;
- Мәтіндердің тақырыбы мен қызметіндегі айырмашылықты көрсетеді;
- Құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін салыстырады;

**Дескриптор:**
- Салалас құрмалас сөйлем түрлерін ажыратады;
- Мысалдарды салалас түрлерімен сәйкестендіреді;

**«Тұжырым картасы»**




Топпен жұмыс
Мәтіндерді оқуға уақыт беріледі
Топ басшысы бағалайды
Бағалау парағын толтырады

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тілі, сөз, сөйлем, мәтін | | | |
| 2-тапсырма. «Сәйкесін тап» тәсілі. Салалас құрмалас сөйлем түрлерінажырытыңыз. (+) | | | | |
| | **Кері байланыс** ***«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі***<br>-Мен бүгін.................. білдім.<br>-Мен бүгін.................. түсіндім.<br>-Мен келесі сабақта................... білгім келеді.<br>**Үй тапсырмасы:**<br>Көркем әдебиеттен адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты салаластың әр түріне сөйлемдер тауып жазу. | Кері байланыс береді | 1-10 балл аралығында бағалау |  |

# Ч.АЙТМАТОВ ИДЕЙНО-ТЕМАТИЧЕСКОЕ СОДЕРЖАНИЕ РОМАНА «ПЛАХА». АНИМАЛИСТИЧЕСКИЕ ОБРАЗЫ В РОМАНЕ

**Б.А.Мұхтар,**
*Қарғалы ауданы,*
*«№2 Бадамша орта мектебі» КММ*
*орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Класс 9а | Количество присутствующих:12 | | | |
| **Цели обучения в соответствии с учебной программой** | 9.2.4.1 - создавать высказывание (рассуждение, убеждение), используя приемы привлечения внимания и учитывая целевую аудиторию.<br>9.3.2.1 - определять принадлежность текста к разным типам на основе характерных признаков.<br>9.4.7.1 - применять знаки препинания в сложноподчиненных предложениях.<br>9.5.2.1 - использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения. | | | |
| **Цели урока** | Понимать и определять основную мысль текста, учитывая структуру текста. Участвовать в дискуссии по предложенной проблеме. | | | |
| **Ход урока** | | | | |
| **Этап урока/ время** | **Действия педагога** | **Действия учеников** | **Ресурсы** | **Оцени-вание** |
| **Начало урока** | **I. Организационный момент.**<br>Если учитель сам принимает участие в этом упражнении, помимо пользы для себя, он поможет также неуверенным и стеснительным ученикам активнее участвовать в упражнении.<br>**II. Актуализация знаний.**<br>Развитие речевых навыков: говорение - создавать устное высказывание с целью привлечения внимания к содержанию эпиграфа. | Ученики активно двигают руками, ногами, телом, изображая языки пламени. Учитель предлагает всем ощутить энергию и тепло в своем теле, когда они двигаются подобным образом. | Релакс-музыка<br><br>эпиграф | **Психологический настрой. Прием «Круги радости»** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Середина урока 15 мин. | Все, что на нашу землю придет,<br>Все, кто на нашу землю пришли,<br>- из земли.Э. Межелайтис<br>**И)** Работа с глоссарием: мироощущение, миропонимание, нравственность.Составление слово-сочетаний. Найти перевод данных слов на казахском (английском) языке.<br>**П)** Работа в парах. Указать верные и неверные утверждения. Проверка усвоения и понимания пройденного материала.Развитие аналитических навыков: учащимся необходимо соотнести понятия и определения. Работа с несплошным текстом.<br>**III. Изучение нового материала. Работа с текстом**<br>Книга известного советского писателя – роман-предупреждение, затрагивающий острые нравственные проблемы современности. Автор исследует приобретения и потери современного человека в его духовной жизни, в отношении к Родине, народу, другому человеку, природе, оценивает его нравственные качества в их развитии, исторических взаимосвязях и испытаниях реальной жизнью.<br>Чингиз Айтматов - один из ведущих писателей нашей современности. В “Плахе” Ч. Айтматов, как художник слова, выполняет миссию духовного наставника нынешнего поколения, который указывает современникам на трагические противоречия сегод-няшнего дня. Писатель затрагивает вопросы экологии, нравственности, проблему угрозы наркомании.<br>**Дескрипторы:**<br>**Определяют тему отрывков.**<br>**Находят и записывают ключевые слова. Подбирают антонимы к выделенным прилагательным. Находят и выписывают обращения.**<br>**Критерии оценивания:**<br>Отвечают на вопросы, выражая свое мнение по поднимаемой проблеме;<br>Определяют основную мысль рассказа;<br>Объясняют значения выделенных слов;<br>**IV. Освоение изученного материала.**<br>**Задание53**<br>**Задание 54.**<br>**Послушайте и прокомментируете.**<br>**Задание 56.**<br>Повествование начинается описанием волчьей семьи - Акбары и Ташчайнара, мирно живущей в Моюнкумской | Учащиеся читают высказывания, обсуждают и определяют общую мысль.<br><br>Ознокамливаются с кратким содержанием произведения. | Учебник<br><br><br><br><br> | Обменяться тетрадками с соседом для взаимо-проверки<br><br>После чтения текста №1 – взаимо-оценивание по стратегии «2 звезды и 1 пожелание».<br><br>Приём «Мысли во времени» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | саванне. Но эти спокойствие и безмятежность лишь до тех пор, пока в азиатские просторы не вторгается человек, несущий в себе не созидающую, а разрушающую силу. И совершается ужасное, кровавое действо уничтожения животного мира, в котором погибают и недавно появившиеся на свет волчата Акбары. Все живое вокруг истреблено, а люди, одержимые эгоистическим отношением к природе, радуются, что план по мясопоставкам выполнен. Три раза волки уходили в глухие места, пытались обзавестись потомством для продолжения своего рода и жить так, как предписывают им законы бытия, и три раза злая и жестокая судьба, воплощенная в образе людей, лишала их детенышей.<br>**Физкультурная минутка**<br>**Задание 59 письменно**<br>**V. Закрепление изученного материала.**<br>**Послетекстовая работа**<br>Повторение грамматического материала, работа с терминами (разделы языкознания). Развитие речевых навыков: письмо - определять вид придаточного.<br>**Анималистические образы в романе.**<br>Дайте оценку прочитанному тексту.<br>Напишите эссе на тему «Почему автор назвал свой рассказ «Плаха»?», опираясь на следующие положения: «Самый яркий эпизод в романе - погоня в саванне: мчатся рядом сайгаки и волки; их гонит общая беда - человек»; «Плаха - это эшафот, место казни. Нести голову на плаху означает идти на смертную казнь»; «Плаха - это возмездие (жаза), плаха - это правда и истина (шындық және ақиқат)»; («Человек и природа находятся на одной “плахе”»; «Что люди должны делать, чтобы не оказаться на “плахе”».<br>**Задание 62 Ответить на вопросы. Проба пера.**<br>**Задание 63 Выполнить письменно.**<br>**Задание 67,**<br>**Задание 68 Выпонить письменно и самостоятельно.** | |  | |
| **Конец урока 5 мин.** | **Домашнее задание**.<br>**Задание 69 Письменно.**<br>**Рефлексия Стратегия «Лесенка успеха».**<br>Кратко написать самое важное, что уяснил с урока с пожеланиями соседу по парте и отправить. | После рефлексии учащиеся заполняют таблицуУчащиеся оценивают свою деятельность на уроке смайликами.Учащиеся высказывают свою точку зрения, аргументируя ее. | Тетрадь | <br> |

# ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ

## «БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ»

**Б.Е.Шаканова**
*Мәртөк ауданы*
*ТОО Дастан -2016*
*«Нұрсәт» балабақшасы*

**Мақсаты:** Балалық балдырған шақтың қызықтарын балаларға түсіндіру. Ой-өрістерін, ойлау логикаларын дамыту, сөйлеу тілдерін жаттықтыру.

**Тәрбиелік мақсаты:** Балаларды жақсылыққа, инабаттылыққа ата-анаға мейірімді болуға, туған жерге, айналадағы заттарға ұқыпты болуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** шарлармен, гүлдермен безендірілген. слайдтар

**І. Ұйымдастыру.**

**Жүргізуші:** Құрметті ұстаздар, балалар! «Бақытты балалық шақ» атты іс шарамызға қош келдіңіздер. Психологиялық дайындық.

*- Біз әдепті баламыз,*
*Біз ерекше боламыз.*
*Үлкендерді көргенде,*
*Сәлемдесіп аламыз.*

**Жүргізуші:**

*Балдаурен -балалықтың балғын күні,*
*Балдаурен- қуаныш пен шаттық үні.*
*Балдаурен бақыт кешкен балдырғаның,*
*Жайраңдап қырда ашылған қызыл гүлі* - деп іс шарамызды бастаймыз.

**Видеодан ән тыңдау.**

**Жүргізуші:** «Бала дегеніміз – болашағымыз» деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мари. Бала періште дейді. Олардың пейілі, ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір! «Адамның бір қызығы бала деген » – деп Абай атамыз айтқандай, мынау тіршілікте адам баласының алтынға айырбастап ала алмайтын аяулы сәттері көп-ақ. Халқымыз желкіндеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, ал ер баланы елдің қорғаны санаған. Балалық шақ адам өміріндегі ұмытылмайтын қызықты да бақытты кезең.



Балалар сендер өздеріңді не үшін бақытты балдырғанбыз деп ойлайсыңдар?

**Оқушы:** Біздер өзімізді бақытты балдырғанбыз деп санаймыз, өйткені біздің сүйікті отанымыз, қасиетті ана тіліміз, ардақты да аяулы ата-анамыз бар. Осының бәрін ардақтай білуге, біздің алтын ұямектебіміз бен аяулы ұстаздарымыз үйретті.

**Ән. Ата ананы тыңдаймыз**

**Жүргізуші:** *Біз көңілді ұланбыз,*
*Би билейміз бұландап.*
*Бақытты елде туғанбыз.*
*Жаз гүліндей жайраңдап*-деп кезекті биге берейік.

**Жүргізуші:** Ойын «Ауызша волейбол»

**Ойын шарты:** Сапқа тұрып допты бір-біріне берген кезде, балдаурен балалық шақ, достық, адамгершілік қасиеттері туралы сөздер айтулары керек, мысалы:достық, бейбітшілік, шыншыл, ұстамды, әдепті, жанашыр, мейірімді, адал, бақытты, қуанышты, көңілді т.б.

**Жүргізуші:**

*Тыныштық баршамыздың ұранымыз,*
*Мәңгілік таусылмайтын жыр әніміз.*
*Арманның асқарына қанат қаққан,*
*Бақытты бейбіт елдің ұланымыз*-дей келе бүгінгі іс-шарамызды аяқтаймыз.

Балалар сіздердің балалық шағыңыздың қызықты күндері таусылмасын. Біз бүгін бүлдіршіндерімізге мықты денсаулық, оқуларына

сәттілік тілеп, тіл алғыш зерделі болыңдар демекпіз.

Өте жақсы, балалар, өмірде қуанышты сәттерің көп болсын!

**Қорытынды:**

- Сонымен бақыт дегеніміз - ой арманның орындалуы, қуанышты сәттердің көп болуы, біздің әсем тұрағымыз, деніміздің саулығы, бейбіт өміріміз, жанұяның татулығы, береке, бірлігі. Ең бастысы балалық шағымыз екен.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Осымен бүгінгі Біз бақытты баламыз атты іс-шарамыз өз мәресіне де келіп жетті. Қош сау болыңыздар!

**Бәрі бірге** «Бақытты балалық шақ» әнін орындайды.

# СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Б.Ч.Черкешбаева**
*Атырау облысы,*
*№4 Атырау облыстық арнаулы шипажайлы*
*мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі*

Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі жаңа технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз не? Ең алдымен осы ұғымды түсініп алу керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі әрбір ұстазды ойландыруы тиіс.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану - келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау. Бұл іс-әрекетті ұйымдастыру әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ.Сондай педагогикалық технологиялардың бірі - сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып, сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырып, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттаймыз.Сондай-ақ оқушыларды өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға еңбектендіруіміз қажет.

Сын тұрғысынан ойлау ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп авторлар түсіндіреді.

Бұл технология белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізіп және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс.Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын әдіс.Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасын іске асырып, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу - әрбір ұстаздың шеберлігін байқатады.Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге, қабілетті мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Сыни тұрғыдан ойлай білетін оқушылар мына сұрақтарды өзіне қоя біледі:

- Мен не білемін?
- Мен жаңаша нені білдім?
- Менің білімім қалай өзгерді?

- Мен осы біліммен не істей аламын?

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, сол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаңа, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс - әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни, проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу.

Жеке тұлғаға сын тұрғысынан ойлауды меңгерту үшін оның бойында мынадай қасиеттері болуы шарт:

- жоспарлауға дайын болуы;
- бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы);
- қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы);
- жете түсінуі (өзінің және басқа адамдардың пікірін қадағалау);
- ымыралы келісімді іздеуі;
- коммуникативтілігі.

Бүгінгі білім беру ісінің басты мақсаты – білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға талпынтатын, саналы, ой-өрісі кең, алғыр, қабілетті, таланты жастарды тәрбиелеу. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейін ескере отырып, жаңа технологияны тиімді пайдалану – ұстаздың асқан шеберлігіне байланысты іс-әрекет болып табылады. Жаңа технологияны тиімді қолдануда мұғалімнің шеберлігінен мамандығына деген сүйіспеншілігі, шығармашылыққа ізденісі, шәкірттеріне деген зор ықыласы шынайы көрініп тұрады. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялардың үлесі зор. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігіне тоқталсақ:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді;
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен ерекшеленеді;
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы;
- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы – қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату,ой толғаныс.

Қорытындылай келе, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының ерекшеліктері сабақ барысында мұғалім оқушының өзін іздендуге үйретіп, ұтқыр ойлауға жетелейді

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К., « Сабақ – оқытудың негізгі формасы» Алматы,2003 ж.

2. №4 – 2008 жыл Ж.Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялы технологияны қолдану қажеттілігі»

3.«Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл.

# «ОРМАНДАҒЫ ҚҰСТАР»

**П.А.Тажимуратова**
*Қарғалы ауданы*
*«Айгөлек » бөбекжай-балабақшасы ,*
*«Балдырған» ересек тобының жетекшісі*

**Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:** Қоршаған орта.

**Тақырыбы:** «Ормандағы құстар»

**Білім беру саласы:** Таным, Қатынас, Шығармашылық.

**Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:** Қоршаған орта.

**Тақырыбы:** «Ормандағы құстар»

**Мақсаты:** Ормандағы құстар жайлы, олардың түрлерімен пайдасы туралы түсінік беру. Әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы балалардың сөйлеу тілін, ойлау, есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Табиғатты қорғауға, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Әдіс - тәсілдер:** сұрақ –жауап, түсіндіру, әңгімелеу, топпен жұмыс.

**Қажетті көрнекі құралдар:** құстардың суреттері, интерактивті тақта, слайд, қиылған құстар суреттері, құстар карточкалары, 1-ден 5-ке дейінгі сандар, гуашьтар, желім, балмұздақ таяқшалары, әртүрлі дәндер т.б.

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

Амандасу.

Құстардың дыбысы.

Мнемокесте құстар туралы.

Балалар әңгімелеп береді.

**Тосын сәт.** Экраннан құс шығады.

**Дауыс:** Саламатсыңдар ма балалар! Балалар ормандағы құстарға көмек қажет болып тұр. Орманда қатты боран соғып, желдің әсерінен құстардың ұясы жерге құлап қалды. Балалар егерде сендер көмектессеңдер, боран басылып, құстарда ұясына оралар еді. Орманға тезірек келіңдер!

Тәрбиеші: Естідіңдерме балалар орманға барып,құстарға көмектесеміз бе?

Балалар: - Ия.

Тәрбиеші: Олай болса, қане балалар орманға





баруға дайынбыз ба? Музыка қосылады.

«Қыс» туралы ән:

Қане бәріміз бірге: Аппақ, ақ қар түстіде,
Қыс ызғарын сыйлады.
Менде кидім үстіме,
Жылы тонмен пиманы.

Орманға келу.

**Слайд.** Ормандағы құстар.

Үйінді қардың астынан құстың ұясын тауып алады. (ішінен тапсырмалар шығады)





Тәрбиеші: ой балалар қарандаршы мынау не екен? Ішінде не бар екен?-деп қарау.

Тәрбиеші: -балалар мына қағазда сендерге арналған тапсырмалар бар екен, егер біз сол тапсырмаларды орындасақ, құстарға көмектесе алады екенбіз.

- Ендеше орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар: - Ия.

Тәрбиеші: Балалар, қане біз тапсырмаларды тезірек орындау үшін қазір 3-топқа бөлінеміз.

Қорапшада құстардың сурет карточкалары. (балалар алады)

Қолындағы алған құсы бойынша топтарға бөлініп отырады.

1-Қиылған құстарды құрастыру және құстарды сипаттап әңгімелеу.

1. Торғай.

2.топ. Қарға. 3 топ. Сауысқан.





Осы құстарды сипаттап әңгімелеу.

**Тәрбиеші:** Енді балалар құстар туралы тіл ұстарту жаттығуын жасайық.

**Тіл ұстарту жаттығулары.**

Пан- пан-пан,
Сап – сары балапан.
Ұс-ұс-ұс,
Ұшты – ұшты құс.
Дақ-дақ-дақ,
Ұшып кетті тоқылдақ.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, біз бірінші тапсырманы орындадық.

2-Математикалық тапсырмалар.

1-топ. «Жұбын тап»ойыны. Сызықтар арқылы.





3-Есептер шығару. (қосу, азайту)





4-Қыстырғышпен құстарға сәйкес сандарды тауып қою.



**Сергіту сәті.** Музыкамен.

3-тапсырма. Шығармашылық жұмыстар.





1-Аппликация. Балмұздақ таяқшасынан ұя жапсыру.





2-Құстарға арнап табиғи материалдардан дән жасау.





3- Ламинат пленкаға құстардың суретін салу.

**Слайд.** Көңілді орман. (қарға)





**Дауыс:** Сендер тапсырмаларды орындаған соң, орманда тыныштық орнап, құстар өз ұяларына оралды. Рахмет сендерге балалар!





**Тәрбиеші:** қане балалар олай болса енді біздерде балабақшамызға қайтайық.

Қане кеттік. (Музыкамен)



Балабақшаға оралу.

Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.

- Балалар біз қайда бардық?
- Біз бүгін не туралы үйрендік?
- Қандай тапсырмаларды орындадық?
- Тапсырмаларды орындаған сендерге ұнадыма?

**Тәрбиеші**: -Балалар қарандаршы сендер тапсырмаларды орындап құстарға көмектескендерің үшін, құстарда сендерге сыйлық беріп жіберіпті.

# «ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

**Ә.А.Сәрсенбаева**
*Мәртөк ауданы*
*ТОО Дастан -2016*
*«Нұрсәт» балабақшасы*

## «Ертегі әлеміне саяхат» атты ортаңғы топ балаларына арналған сөйлеуді дамыту бойынша оқу қызметі (квест-технология арқылы)

**Мақсаты:** Квест технологиясы арқылы балалардың үйлесімді сөйлеуін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Міндеті:

1) Білімділік:

«Бауырсақ» ертегісі туралы білімдерін бекіту;

Балалардың сөйлеу сөздерін құрастыру дағдыларын бекіту, сын есімдерге антонимдерді таңдау мүмкіндігі; кейіпкерлердің іс-әрекеттерін түсіну және бағалау қабілетін қалыптастыру; жалпылама мағынасы бар зат есімдерді қолдану дағдысын қалыптастыру (жиһаз, көкөністер, жануарлар және т.б.).

2) Дамытушылық:

Антонимдерді таңдау арқылы балалардың сөздік қорын кеңейту, зат есімдерден сын есімдерді қалыптастыру дағдыларын дамыту.

Сөздерге сәйкес қозғалу әректтерін дамыту;

3) Тәрбиелік:

Ынтымақтастық пен қайырымдылықтың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын, мейірімділік, достық, өзара көмек туралы түсініктерді тәрбиелеу;

Қоғамдағы қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне таныстыру.

Көрнекі құралдар:

Бауырсақ, Қоян, Түлкі, Қасқыр, Аю;

«Бауырсақ» ертегісіне сай суреттер, тапсырмалары бар конверттер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: Қайырлы күн,балалар! Менің көңіл -күйім жақсы,мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын! Мен өзімдің көңіл-күйімді сендермен бөліскім келеді. Оқу қызметіне бейімделу үшін бір-бірімізге күлімсіреп, алақанымызды көршіміздің алақанына тигізіп жақсы көңіл-күй тілейік .

Балалар,сендер ертегіні ұнатасындарма? Ертегіні сендерге кім оқып береді? Сендер ертегі әлемінде болғыларын келе ме?

Мен балаларға ертегіге саяхатқа баруды ұсынамын.Балалар тақпақты айтып,қимылдар орындай отырып жүреді.

*Біз кішкентай балдырған,*
*Сескенбейміз жаңбырдан.*
*Төбемізде қол шатыр,*
*Алдымызда жол жатыр.*

Тәрбиеші: Балалар,қараңдаршы, біз ғажайып алаңға тап болдық.

Сендер кімді және нені көріп тұрсыңдер? *(Балалардың жауабы)*

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдер,біз ертегі әлеміне тап болдық. Бірақ қай ертегі бұл?

Есімізге түсірейікші,қай ертегіде ата мен әжей бар еді?

(«Түлкі мен қасқыр», «Шұбар тауық», «Алтын балық», «Бауырсақ», «Шалқан».)

Тәрбиеші: Жарайсындер,балалар! Сендер көп ертегі біледі екенсіндер! Ал біз қай ертегіге тап болғанымызды білу үшін жұмбақтың жауабын табуларын керек:

*Қашып кеткен атадан,*
*Қашып кеткен ападан,*
*Орманда кеше жүр едім,*
*Домалап шықты алдымнан.*

Дұрыс таптыңдар, балалар. Біз «Бауырсақ» ертегісіне тап болдық.

Балалар, біздің Бауырсақ, неге көңілсіз. Неліктен ол соншалықты көңілсіз деп ойлайсыңдар? (балалардың жауаптары).

– Әрине, ол көңілсіз, өйткені ол кездестіргендердің бәрі оны жегісі келді. Естеріңде барма, орманда Бауырсақ кімдерді кездестірді? (Балалардың жауаптары).

– Ол атасы мен әжесінен қашқан кезде Бауырсақ тілалғыш болды ма, жоқ па, не деп ойлайсыңдар?

– Неліктен Бауырсақ мұндай қиындықтарға тап болды?

– Балалар ересектерсіз жүруге бола ма? Неліктен? Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлесуге бола ма?

Балалар, қиындықтардан аулақ болу үшін Бауырсақ не істеуі керек деп ойлайсыңдар? (Балалардың жауаптары)

Біз ертегі кейіпкерлеріне барамыз және олардың тапсырмаларын орындаймыз. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін олар бізге пазлдың бір бөлігін береді. Онда не болғанын біз оқу қызметінің соңында көреміз.

Міне, Бауырсақ домалап кетті …(балалар шеңберде тұрып, Бауырсақты бір-біріне өткізеді, Бау-

ырсақ тәрбиешінің алдына келгенде кейіпкер туралы жұмбақ жасырады)

Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады. (Қоян)

Дұрыс таптыңдар,бұл жұмбақтың жауабы-қоян. *(Конверттен тапсырманы алу)*

— Қоян бізге тапсырма берді: оған қарама-қарсы мағынасы бар сөздерді таңдауға көмектескенімізді қалайды.

Д/О «Керісінше ата» (антонимдерді таңдау)

* Жұмсақ-қатты;
* Тәтті-ащы;
* Қалың-жұқа;
* Ұзын-қысқа;
* Көңілді-қайғылы;
* Ауыр-жеңіл;
* Жоғары-төмен;
* Ыстық-суық;
* Науқас-сау.

– Жарайсыңдар,балалар, барлығын дұрыс айттыңдар, Қоян Бауырсақты жемеді, ол Бауырсаққа пазлдың бір бөлігін берді.

Біздің Бауырсақ әрі қарай домалап кетті.

*Сұрғылт тартқан түсі бар.*
*Ақсиған көп тісі бар*
*Тыным таппай жүгіріп,*
*Сілекейі шұбырған,*
*Қыстау маңын ториды,*
*Ауылдың өш бар иті.* (Қасқыр) (Конверт ішіндегі тапсырма).

Қасқыр да тапсырма берді. Орындауға тырысайық.

Д/О «Бір сөзбен ата»

* Қайың-шырша-емен; (ағаштар)
* Сиыр-қасқыр-жылқы-аю; (Жануарлар)
* Табақ-шанышқы-шыны-табақ; (ыдыс-аяқ)
* Қарлығаш-торғай-қарға; (құстар)
* Үстел-кресло-шкаф-диван; (жиһаз)
* Қызғалдақ-раушан-бәйшешек (гүлдер)

Сендер қасқырдың да тапсырмасын орындадыңдар! Жарайсыңдар! (тағы бір пазл береді)

Бауырсақ әрі қарай домалап кетті(доп шеңберде). Ал оған қарай…

*Орманнан, жалпақ даладан*
*Бал іздеп бір аң жортады.*
*Кіп-кішкентай арадан*
*Үп-үлкен боп қорқоды.*
(Аю)

Аю да тапсырма берді: ол сендермен жаттығуларды орындауды қалайды!

Сергіту сәті

*Бармақ болып жұмысқа,*
*Қырға шықты құмырсқа,*
*Тоңып кетіп аяғы,*
*Қырға қайтып шығады.*
*Ой – ой – ой,*
*Әне аю келеді.*
*Құмырсқаны көреді.*
*Енді қайтып құтылар,*
*Илеуіне тығылар.*

Бауырсақ әрі қарай домалап кетті (доп шеңберде). Ал оған қарай…

*Қырда жүрер ол жортып,*
*Іні де жоқ бармайтын.*
*Құйрығымен бұлтартып,*
*Қандай аң ол алдайтын?* (Түлкі)

– Балалар,түлкі Бауырсақты жегісі кеп тұр, бірақ біз түлкінің тапсырмасын орындап Бауырсақты құтқарамыз(тапсырманы оқу).

Түлкі өте сыпайы,ол ол сыпайы сөздерді ұнатады.

Д/О «Төлін тап»

Сиыр-бұзау
Қой-қошақан
Ешкі-лақ
Жылқы- құлыншақ
Түйе-ботақан
Аю-қонжық

Балалар, Түлкі бізді қойып жібергісі келмейді, ол бізбен ойнағысы келеді.

Ойнаймыз ба? (Балалар жауабы)

Доппен ойын «Сөз айт»

Балалар шеңбер құрып тұрады. Тәрбиеші кезекпе-кезек допты лақтырып сұрақ қояды.

Үкі ұшады, ал қоян….?
Сиырда бұзау, ал түлкіде … ?
Қоян сәбізді жейді, ал маймыл…?
Кітап қағаздан,ал стақан ….?
Аю апанда тұрады, ал тиын … .?

Түлкіге бізбен ойнаған ұнады,ол бізге соңғы пазлды берді.

Енді тақтада пазлды жинаймыз.

– Балалар, Бауырсақтың көңіл-күйі жақсарды,-қалай ойлайсыңдер Бауырсақ не үшін қуанды? (Балалар жауабы).

— Біз Бауырсаққа көмектестік, сапарымыз аяқталды және ендеше балабақшаға оралуымыз керек.

Қорытынды

— Сендерге ертегіге саяхат ұнады ма? Бауырсақтың көңіл-күйі сияқты сендердің де көңіл-күйлерің жақсыланды ма ?

— Бәрінен бұрын не есте қалды?

— Кімнің тапсырмасын орындау қызықты болды?

Сендер бүгін көптеген игі істер жасадыңдар. «Алақандарыңдағы ұя»ны ашып, мейірімдеріңді ауаға шығарыңдар. Мейрімдерің бізге, қонақтарымызға, қалаға, Отанымызға, жер планетамызға ұшып кетсін. Бүкіл әлем сендердің мейірімдеріңмен жақсы болсын.

# «ДЕНСАУЛЫҚ ӘЛЕМІ»

**Г.Д.Оразалы,**
*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,*
*Қандыағаш қаласы*
*«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК*
*Дене шынықтыру нұсқаушысы:*

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ата-аналардың спортқа қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: Эстафеталық ойын

Көрнекілігі: шар, қоңырау, жалаушалар, шығыршық.

Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда.
«Денсаулық - терең бақыт»деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлусың жер бетінде.
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жетерсің әлі талай бақыттарға.

Ең алдымен таңғы жаттығу жасаймыз

Сәлеметсіздерме! Қайырлы күн! Құрметті ата-аналар, әріптестер, спорт сүйер жастар! Бүгінгі біздің балабақшамызда барлық топтың ата-аналарының қатысуымен өтетін “Денсаулық әлемі”, атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер! Бүгінгі сайысымыз өте қызықты болады деп ойлаймын. Егемен, Тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың қолында. Әйтсе де оған дұрыс бағыт бағдар берушінің бірі ата – ана болса, тағы бірі ол мұғалім. Осы өркениетке бастар жолдың бастауы – Балабақша десек, балабақшаның басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім. Еңдеше Сіздерге сәттілік!

Жарысты бастамас бұрын ойынға төрелік ететін әділ-қазы алқасымен таныстырып кетейік: Балабақша әдіскері: Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна

Балабақша психологі: Жанбота Нұрланбекқызы

Барысы:
1. Таныстыру
2. Шаттық шеңбер
3. Эстафеталық ойындар
4. Қортынды

«Сұңқар» тобы

Топ ұстанымы: «Сұңқардай болып қалықтаймыз, Білім іздеуден жалықпаймыз»

2. «Қыран» тобы

Топ ұстанымы:

«Қырандай мықты, бәрін жеңіп шықты»

2-бөлім. Енді сайысымызды бастамас бұрын шаттық шеңберінен бастайық.

Барлығы шеңберге тұрады: Мен біріншіден сіздерге айтып кетейін түсіндіріп, мен қазір қолымдағы қоңырау осы қоңырауды шылдырлатқанда сіздер шеңбер бойымен айнала жүріп бір-біріңіздің арқаңызға ұрғылау арқылы массаж жасайсыздар, сосын екінші сылдырлақпен белгіні берген кезде қос аяқпен қояндар сияқты секіріп жүресіздер шеңбер бойымен, ал мен шапалақтағанда бәріңіз шапалақтайсыздар

Сайыстың бағдарламасы:

Ең алдымен кім қатты жүгіреді екен соны тексеріп алайық

1. «Кім жылдам». Шарты: әр команда топ мүшелерін жинап қолдарын айқастырып, берлесіп жүру арқылы кіші доптарды шығыршыққа жинау.

2. «Поезд». Шарты: команда мүшелері кезектесіп бір шарды алып жүреді, екінші жағаға әуе шарымен адамдарды тасымалдау қажет. Жылдам адамдарды тасмалдап біткен жүргізушілер тобы жеңіске жетеді.

3. «Кім епті». Шарты: Допты таяқшалардың арасынан түсірмей бір-бірімізге беріп, жерде жатқан шығыршықтың ішіне саламыз.

4. «Кедергілер жолы». Шарты: Жерде жатқан кедергілердің арасынан өтіп шығу. Қайсы топ жылдам бітсе сол топ жеңіске жетеді.

5. «Арқан тартыс»

4-бөлім. Қортынды. Біздің ата-аналарымыз барлық тапсырмаларды орындады. Келесі кезек әділқазыларға беріледі.

Жүргізуші. Сіздер бүгін барлық тапсырмаларды орындап, өздеріңіз жақсы спорттық дайындықтарыңызды көрсеттіңіздер.Өз отбасыларыңыз қандай спорт түрімен шұғылданасыздар?Сол туралы айтып беріңізші(әр топ кезекпен сөз сөйлейді)

- Сөз кезегін әділ қазыларға береміз. Жеңімпаздарды марапаттау.

- Міне бүгін «Денсаулық әлемі» спорттық сайысымыз өз мәресіне жетті.

Сіздерге шағын ғана сыйым бар, денсаулықтарыңызға мән беріп, спортпен шұғылданыңыздар деген тілекпен

Жеңісті күндерде жолыққанша!

# «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ»

**Жолаушыбаева Лаззат Аманкельдиевна**
*Ақтөбе қаласы, МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасының психологі*

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінің алғы сөзінде адамның басқа жаратылыстардан бөлек екенін, тәрбиені қажетсінетінін былай деп білдірген екен: Адам баласының бойында өсе келе ыстыққа, суыққа, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс ойын пішіп айтатын, дал табатын ақылды болса, сұлу сөзбен, сиқырлы үнімен, әдемі түрден ләззат алып, жаны таза болып, жаманнан жаны жиреніп, жақсылыққа жаны құмар болса онда адам баласының жақсы тәрбие алып, шын адам болғаны байқалады. Демек, ата – ана осы қасиеттерді бала бойына қалыптастырғысы келсе, онда бұл қасиеттерді бала бойына бере білсе, онда ата-ананың жақсы нәтижеге жеткені деп ойлаймыз. Кез келген балаға тәрбие беру оңай нәрсе емес әрине. Бала тәрбиесі де бір өнер, өнер болғанда, ауыр өнер. Баланы тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың да болмаса жақындарыңыздын тәжірибелерімен бөлісіп танысып отыру қажет. «Тәрбие басы – тал бесік» депқазақданаларыбекерайтпасакерек. Баланы жетілген, жан – жақты интелектуалды азамат етіп тәрбиелеу үшін тек қана бала бақша міндеті емес екенін, соныменқатар «ұяда не көресең, ұшқанда соны ілесің» деп айтқандай, ата-ана бала тәрбиесіне өте қатты көңіл бөлу керек. Тәрбиеге ата-ана өз күшімен ат салыса отырып, тәрбие мен білім егіз десек, тәрбиесіз білім алу мүмкін емес екені белгілі.



Тәрбиеші білімді, ізденімпаз болса онда бала білімпаз болып шығады. Сондықтан әрбір тәрбиеші –балаға жол көрсете білсе тәрбиемен қоса, білім нәрімен сусындатқаны дұрыс деп ойлаймыз.

**«Сиқырлы таяқша**

Кез келген парақты алып сөзді оқисыз да келесі отбасына бересіз олар отбасы болып әр жаман қылықтың бір жақсы жағын ойлап табу керек.

Мысалы:

Сараң - Үнемшіл

Өтірік айту - Ренжітпеу үшін

Төбелесу - Біреуді қорғау

Сабақтан қалу - Балаға ие болу

Ұрысу - Жаманнан сақтау

Ұшқыр ойларыңыз бен ұттқыр жауаптарыңыз үшін көп рахмет сіздерге.

«Біздің үйдің мейірімі».

Нұсқау: Қағазға бос үй суретін салу. Қазір бәріміз бұл үйді толықтыруымыз керек. Өзіміздіңжақсы, мейірімді, жылытілектерімізді, ұсыныстарымызды жазып үйді толтырайық.

# БАЛА ТӘРБИЕСІ — БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

**Д.Ө.Кенжегулова,**
*№48 «Шаттық» МКҚК балабақшасы*

«Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз болаалады,олар — барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамдыдүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді», — дейді Ш.Құдайбердиев. Егер осы үш сапа тәрбиеші бойынан табылса, ол нағыз маман иесі болады.Өйткені жас білдіршіннің жүрегіне жол тауып, оны тәрбиелеу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін мінсіз ақыл, таза жүрек, сапалы еңбек керек. Олай болмаған жағдайда ол білуге құмар, жаңа дамыған заман ұрпағын тәрбиелей алмайды. Өз ісіңді жүрегіңмен сүйіп қалағанда ғана нәтижелі болмақ. Өмір талабына сай алдына мақсат қойып, оған жету жолында ізденуден талмайтын, алдына жан салмайтын жаңашыл тәрбиеші ғана заман көшіне ілесе алады.

«Өзінің де өзгенің баласы — оның баласы…», — деп Қ.Мырзалиевтің өлеңінде айтылғандай, болашаққа нық қадам басатын келешек ұрпақты

тәрбиелеу біздің, яғни, тәрбиешілердің қолында. Демек, тәрбиешілер қауымының арқалар жүгі ауыр. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе — ас бер, он жыл қалғың келсе — ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе — бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Осы мамандықты таңдағаннан кейін абыроймен еңбек етіп, бала тәрбиесіне оң үлес қоссақ, ел болашағын тәрбиелеуде бізге артылған үміттің ақталғаны. Балалар — өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Ендеше балаға деген шынайы сезімдеріміз бен адал еңбегіміздің нәтижесінде ғана оларды баптап, өсіріп, тәрбиелеп ел қатарына қоса аламыз.- «Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол нағыз ұстаз», — дейді Л.Толстой. Ендеше былдырлаған тәп-тәтті бүлдіршіндерімізге деген сүйіспеншілігіміз артып,ісімізден береке табатын, нағыз ұстаз болуға лайық болайық. Себебі бала тәрбиесі — баршамызға ортақ іс.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МЫСАЛ ЖАНРЫ

**Г.А.Алпысбаева**
*Алға мектеп-гимназиясының*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі А.Байтұрсынов пен Х.Досмұхамедовтан бастау алғаны баршамызға аян. Аталмыш ғалымдардың ауыз әдебиеті жайлы алғашқы пікір-пайымдаулары кейінгі фольклорист-зерттеушілерге сара жол салды.Осы орайда аталған ғалымдардың назарынан тыс қалмаған мысал жанры да ауыз әдебиетінен бастау алғандығына көз жеткізуге болады.Фольклорды зерттеп, жанрлық жағы сараланған еңбектерде көбінесе мысал жанры қалыс қалғаны белгілі.Мысал жеке түр ретінде қарастырылмаса да, ол жайында азды-көпті пікірлер бар. «Мысал - айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма» деген анықтамаға ие мысалдың түп төркіні хайуанаттар туралы тұспалды мағынасы бар ертегі, қысқа әңгімелер нұсқаларымен жалғасып жатыр. Бұның қаншалықты дәлелді екенін қазақ ғалымдарының осы жанрға байланысты ой-пікірлерімен нақтылай түсейік.

Қазақ әдебиетінің көшбасшысы, ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов қазақ фольклорын сұрыптап, саралауда мысал жанрын назардан тыс қалдырмай, біраз ой толғап, анықтама береді.

Ғалым жалпы ауыз әдебиетін жұмсалуына қарай екіге бөледі:

- сауықтама
- сарындама

Сарындаманы үшке бөледі:

- салт сөзі;
- ғұрып сөзі;
- қалып сөзі:

Мысалдарды ғалым салт жолымен айтылатын сөздер тобына жатқыза отырып,мынадай анықтама келтіреді: «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу, мысалдау болады». Сонымен қатар ғалымның біз үшін маңызды ескертуі де бар: мысалдар көбінесе хайуандар шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, іс еткізіп, түрлі өнеге боларлық сипаттанған. Одан әрі ғалым пікірі келесідей: «Мысалда аңдар, құстар, хайуанаттар, өсімдіктер іс-әрекеті, мінезі арқылы адам бойындағы мінді, кемшілікті тұспалдап, әжуә күлкі етеді... Осындай шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы мысал дейді» ,- деп түйіндей түседі.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский бұл жанрды: «Сатираға суғарылған поэзияның нағыз ерекше жанры» десе, академик З.Қабдолов «Мысал адамгершілік мұқтаждығын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты»,- дейді.

Ахмет Байтұрсынұлының сауықтама (барша сауық үшін айтылатын сөздер) деп отырғаны Ш.Ыбыраев еңбегінде салтқа қатысты фольклор деп аталса, сарындама салтқа қатыссыз фольклор, яғни, «жұртта келе жатқан салт сарынмен айтылатын сөздер». Екі ғалым да мысал жанрын соңғы топқа жатқызады.Мысал жайында сөз қозғау барысында жанрдың шығу тегі қандай?, қалай қалыптасқан?, қайдан бастау алады? деген сұрақтар туады. Ахмет Байтұрсыновтың бұл орайда: «Арнайы әдебиеттегі мысалдар былай шыққан: «...алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар түрлі табиғат, түрлі тәсілмен тіршілік ететіндерін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі, бірін бірі аңдиды, арбайды деп білген... Сондықтан адамның ісін әңгіме қылған сияқты, олардың да істерін әңгіме қылған. Одан хайуандар турасындағы ертегілер шыққан. Онан бері келе, хайуандар тіршілік еткенмен нақ адамша ойласып,

сөйлесіп, кеңес етпейтіндігіне көз жеткендігінен кейін мақұлықтар турасындағы ертегілер өтірікке саналып, бірте бірте жоғалып, тек мысалдар қалған», - деген тұжырымын негізге аламыз. Мысалы «Сырттандар» ертегісінде адамға жерік болған жалмауыз қасқыр біреудің жалғыз баласын аңдиды.- Баланың әке- шешесі, ауыл аймағы қатты сасады. Сол кезде бала өзімен бір күнде туған тұлпарына мініп, қасқырдан қаша жөнеледі. «Құтқарам» деп тұлпар тартады: «Қайтсе де жеймін», деп жалмауыз қасқыр қуады. Осы тұста адамның досы тұлпар мен қасқырдың сырттаны жарысқа түседі. Сол жерде иттің сырттандары қасқырға қарсы ұмтылады, қасқырды өлтіреді.Мұнда жалмауыз қасқыр адам баласына қастық ойлаушы мол жауыздықтың бейнесінде алынса, ит пен жылқы жақсы жақтарынан дәріптеледі.

Кейінгі заманда шығарылған халық ертегілерінде хайуанаттар бұрынғы керемет бейнесінде алынбай, жаңа кейіпте, реалистік болмысқа байланысты алынады. Осы ретте хайуанаттар жайы екі түрде алынып, қазақ ертегілеріне қосылады. Онда хайуанаттардың бір тобы (төрт түлік мал, үй хайуанаттары) шаруашылыққа келтіретін пайдасы, атқаратын қызметімен суреттеледі. Хайуанаттардың екінші тобы (жыртқыш аңдар) адам баласына жасаған жауыздығы, қаскүнемдігімен бейнеленеді. Бұл соңғысы уақыт өте келе халықтық сатираға айналып, сол арқылы қоғамдық жайлар, үстемдік еткен қауымның жағымсыз қылықтары әңгімеленеді.Бұлар халықтың ащы мысқылы, келеке-күлкісі түрінде келіп, таптық тартыс, күрес жайы сөз болады. Мұны біз «Алтын сақа», «Бозінген», «Жақсылық пен жамандық» т.б. ертегілерден көре аламыз. Сонымен қатар, «Қотыр торғай» ертегісінде кекшілдікті, бірбеткейлікті, араға іріткі салуды меңзесе, «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің жасөспірімдерге беретін тағылымы мол. Шынында да, мысал жанры қазақ халқының ойлау өрісінің дамуымен, сана эволюциясымен тығыз байланысты, айналадағы тіршілік иелерін танып білумен қатар, олардың айрықша қасиеттерін айқындап, адамды бейнелеудегі олардың түрлі мінезін әрқилы іс-қылықтарын тұспалдап көрсетуде шебер пайдалана білген. Әрқашан сөзге ұста қазақ халқы осы мәндегі астарлы әңгіме туғызып оған «мысал» деп айдар таққан екен.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Байтұрсынов А. Ақ жол. А., 1991. 36-б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 2002. 312-б.
3. Радциг Көне грек әдебиетінің тарихы. М. 1963. С.340
4. Иманғазинов М.М. Антика әдебиеті. Т., 2006. 253-б.
5. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. А., 1993. 422-б.
6. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. А., 1972. 107-б.


# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫНДА АТА-АНАЛАР МЕН ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІГІН ДАМЫТУ


**Г.Тлеуқызы,**
*№48 «Шаттық» балабақшасының тәрбиеші*


Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда балабақшаның тәрбиешісінің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып,өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен тәрбиешінің даярлығына,оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Тәрбиеші-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға.Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік –сая-

си қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Endeше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып,биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-тәрбиешінің басты міндеті. Тәрбиеші жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресесе осы кәсіби білік дағ- дыларын шыңдауы оның тәрбиешілік тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады. Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, балабақша қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін тәрбиеші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал. Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп көрсететін тәрбиешіні өте жоғары бағалады: «Тәрбиеші-мәңгі нұрдың қызметшісі.Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп,нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған,күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес».Балалардың санасы мен мінез- құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл- ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес» деп жазды. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік-қайраты күшті, мінезге бай жас өспірімдерді қалыптастыру үшін тәрбиешінің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Тәрбиешінің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек. Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат»атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып,әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу-баланы қоғамдық мәні бар,адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз-адамзатқа қызмет ету»,-деп жазылған. Бала тәрбиесі ең алдымен,аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиешінің ролі зор. Яғни,тәрбиеші мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М.Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын,өзіңді өзің тани біл»,-дегеніндей, әр тәрбиешінің өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін,өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А.Добролюбовтің «Тәрбиеші өзіне балалардың қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтасың балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады.демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады»,-деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап,оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті,парасатты,жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады. Білім берудегі жағдай жаңа типтегі балабақша, білім мазмұнын жаңарту, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру сияқты оң тенденциялармен ғана ерекшеленіп қоймай, отбасы мен балабақша арасындағы байланыстың әлі де өз деңгейінде болмауымен де ерекшеленеді. Тәрбиеші – ол, баланың өмір жолында кездестіретін екінші анасы. Оның жан дүниесі әрдайым бала болып қала береді. Олай болмаған жағдайда, балалар оны өз әлеміне өткізбейді. Біздің мамандығымыздың басты талабы – балаларды кез-келген жағдайда да жандүниеңмен жақсы көру. Мен үшін, тәрбиеші болу – әр қашан, қиял-ғажайыпқа толы балалар әлемінде болуға үлкен мүмкіндік. Әсіресе тәрбиеші мамандығының мәнін, әр сөзің мен іс-қимыл әрекеттеріңді, жәудіреген мөлдір көздерімен қарай отырып өздерін ересектер әлеміне паш еткізуі кезінде, ерекше байқалады. Осындай балапандардың мөлдір көздеріне қарап, сен олар үшін ерекше бір әлем екеніңді және олардың келешектегі қалыптасар мінез-құлқының негізін сен қалайтыныңды түсіне отырып оларға бар сүйіспеншілігің мен жан жылуыңды бересің.Тәрбиешінің мақсаты*:* Әр баланың болмысы мен туа біткен қасиетін айқындау және

дамыту. Осы бір қасиетті байқап уақытында ашу. Сондай-ақ, онын, ашылмай жатып өшіп қалмауына жол бермеу, тәрбиешінің ерекше дарыны болып табылады. Ал соның ішінде заманауи тәрбиешінің міндеті: өз нәтижелерін болжай алатын, дербестігі дамытатын және ортаға ой тастай білетін көпшіл, онерлі де, тапқыр тұлға калыптастыру. Әр баланын жеке мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау.

Нагыз педагогты барша кезеңде де, қоғамның өзге мүшелерінен ерекшелендіріп тұратын жандүние мейірімі мен моралдық тазалығы. Ешқандай мамандықта мұндай қатаң талаптар қойылмайды. Сондықтанда, тәрбиеші – ол үлгі. Ал, тәрбиеші болу – қажымай еңбек ету. Тіпті кейде, жеке өмірді де ұмыту керек болады. Сондықтан, осындай қажырлы еңбектің жемісі, әлеуметтік өмірге қалыптаса білген балалардың алғысы.

Ізденімпаздық пен ортаға ой сала білу және өнер тапқыштық, менің, педагогтық дара жолымда, ажырамас серігім болып табылады. Ескірген стереотиптен арылу, барымды салып еңбектену, білімімді жаңартып толықтырып отыруды заман талабы деп білемін және осы талаптарға сай болуға ұмтыламын.

Тәрбиеші – әрдайым үздік тәжірбиелер мен педагогикалық ғылыми жетістіктерді қолдана жүріп, өз іскерлігін дамытып тұруы керек. Тек алға ұмтылып, жаңа технологиялар мен дәстүрлі емес әдістерді меңгере отырып, халық ауыз әдеби шығармаларын да ұмытпағанымыз жөн. Қазіргі заман балаларының қоршаған ортаны тануды көмектесуге, танымдық қызығушылығын қанағаттандыру үшін, тәрбиешіге білімім мен шеберлігін түрлендіріп отыруы тиіс. Технология қарқынды дамып жатқан қазіргі біздің заманда, педагог заман талабына сай сөзсіз техникалық құралдарды меңгере білуі керек.

Заманауи тәрбиеші – тәлімгер, дос, психолог және әртіс қасиеттері бір өзінің бойынан табылған адам. Тәрбиеші күні бойына бірнеше образға кіреді. Неғұрлым шынайы көрінсе, еңбегінің соғұрлым нәтижелі болары анық!

# ЧТЕНИЕ – ЭТО ОДИН ИЗ ИСТОКОВ МЫШЛЕНИЯ И УМСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ

**М.К.Стаханова**
*город Атырау,*
*средняя школа №15 имени Абая,*
*учитель начальных классов*

Социокультурная ситуация, сложившаяся в стране, привела к снижению авторитета печатного слова, вытеснению книги, разрушению ментальности читающей нации. Сегодня перед нашим обществом стоит задача вызвать у подрастающего поколения интерес к чтению и вернуть в ранг активных читателей, которые определяют настоящее Казахстана, закладывают основы его будущего.

Чтение в наши дни больше ориентируется на удовлетворение информационных потребностей, а не общекультурных, эстетических, эмоциональных. Воспитать увлеченного читателя трудно. Здесь главное - организовать чтение так, чтобы оно способствовало развитию личности, а развивающаяся личность испытывала бы потребность в чтении как источнике дальнейшего развития. Необходимо предоставить возможность детям всеми путями развивать свое чтение и помочь сформировать любовь к книгам. Ведь это - первая ступень к грамотности и обучению на протяжении всей жизни. Необходимо помочь детям понять огромное количество приятных вещей, которые можно получить от чтения. Этому и посвящен проект «Читающая школа».

Цель проекта:

- расширение читательского кругозора учащихся знакомством с книгами;
- приобщение учеников к регулярному чтению детской литературы и посещению школьной библиотеки, привитие потребности в систематическом чтении литературы.

Задачи проекта:

- формировать у детей отношение к книге как к источнику человеческого опыта, постоянному партнеру в общении;
- развивать творческую активность;
- воспитывать бережное отношение к книге.

В связи с этим каждый наш урок начинается с пятиминутного чтения художественной литературы. А не посредственно на уроке литературного чтения используются различные приемы чтения, которые помогли даже не читающим детям за небольшой промежуток времени читать сначала по слогам, а затем и целыми словами. Книга - необходимый предмет любой культурной среды, в которой растет ребенок. Большой мир литературы не

должен однажды, когда дитя подрастет, обрушиться на ребенка. Воспитание книгой состоит в том, чтобы бережно, но настойчиво, ввести малыша в детскую литературу, как в некое искусственно созданное удивительное пространство, научить не бояться его, а, напротив, любить и интересоваться им, научить в нем ориентироваться.

Известно, что детство - определяющий этап в развитии личности, ибо в возрасте до 6 лет ребенок с интересом познает окружающий мир, "напитывается" разными впечатлениями, усваивает нормы поведения окружающих, подражает, в том числе героям книг. В результате приобщения к книге облагораживается сердце ребенка, совершенствуется его ум. Книга помогает овладеть речью - ключом к познанию окружающего мира, природы, вещей, человеческих отношений. Дошкольники отличаются высокой познавательной активностью, стремятся расширить свой кругозор, вырваться за рамки той среды,которая их окружает. Один из главных помощников в этом, на мой взгляд, - книга. К общению с ней они уже готовы: эмоционально реагируют на услышанное, улавливают и различают разнообразные интонации, узнают любимых литературных героев, сопереживают им.

Потребность в каждодневном общении с книгой закладывается до трех-четырех лет. Чем раньше ребенок возьмет в руки книгу, тем больше навыков читателя приобретет. Поэтому просто необходимо включать занятия по ознакомлению дошкольника с миром художественной литературы, а взрослым чаще читать своим детям.Взрослые должны осознавать важность приобщение ребенка к миру детской литературы. Детская литература, позволяет решать многие задачи. Чтение книги развивает в ребенке душу, гуманность, формирует ум, память, воображение, речь, терпение и другие нужные черты характера, учит творчеству. Детская литература - это настоящее искусство, оказывающее на ребенка скрытое воздействие.

Заложенная любовь к книге в дошкольном возрасте останется с ребёнком навсегда. Тот, кто читает, много знает. Если ребёнок понимает содержание прочитанного, значит, он думает, анализирует, рассуждает. Знакомство детей с художественной литературой, даёт лучшие результаты, если объединены усилия и воспитателей, и родителей. Мы хотим, чтобы наши дети были грамотными читателями. А ведь это очень не просто: воспринимать текст согласно авторскому замыслу. Чтобы в ребёнке воспитать читателя, сам взрослый должен проявлять интерес к книге, понимать её роль в жизни человека, знать те книги, которые будут важны малышу, следить за новинками детской литературы, уметь интересно беседовать с малышом, быть искренним в выражении своих чувств.

Детство - время запуска всех сил и возможностей человека, что относится и к чтению.

**1. Развивает мышление.** Одно из важных преимуществ чтения книг - это тот положительный эффект, что оно оказывает на наше мышление. При чтении мы больше размышляем, чтобы понять ту или иную идею произведения.

**2. Снижает стресс.** В современном мире избавление от стресса - основная забота многих людей. Богатство и ритмика языка имеет свойство успокаивать психику и избавлять организм от стресса. Особенно помогает в этом чтение какой-нибудь фантастики перед сном.

**3. Увеличивает словарный запас.** Когда вы читаете книги различных жанров, то сталкиваетесь со словами, которые обычно не используете в повседневной речи. Если какое-то слово вам незнакомо, совсем не обязательно искать в словаре определение. Иногда о значении термина можно понять по смыслу, заключенному в предложении. Чтение помогает не только в увеличении словарного запаса, но и повышает грамотность.

**4. Защищает от болезни Альцгеймера.** По данным последних исследований, чтение действительно защищает от заболевания мозга. Когда вы читаете, активность мозга увеличивается, что благотворно сказывается на его состоянии.

**5. Придает уверенности.** Чтение книг делает нас более уверенными. Когда в разговоре мы демонстрируем глубокое знание того или иного предмета, то невольно ведем себя более уверенно и собранно. А признание окружающими ваших познаний положительно сказывается на самооценке.

**6. Делает нас более творческими.** Креативные люди могут генерировать сразу несколько отличных идей. Откуда их можно взять? Из книг. Читая произведение, вы можете почерпнуть оттуда массу идей, которые впоследствии воплотить в жизнь.

**7. Улучшает сон.** Если вы систематически будете читать перед сном, то вскоре организм привыкнет к этому, и тогда чтение станет своеобразным сигналом, говорящим о скором отходе ко сну. Таким образом вы не только улучшите свой сон, но и утром будете чувствовать себя бодрее.

**8. Улучшает мозговую активность.** При чтении мы обычно представляем много деталей: персонажей, их одежду, окружающие предметы. Также необходимо помнить множество вещей, которые нужны для понимания произведения. Именно поэтому чтение тренирует память и логику.

**9. Улучшает концентрацию.** При чтении необходимо концентрироваться на содержании про-

изведения, не отвлекаясь на посторонние предметы. Этот навык очень полезен при любой другой деятельности. Также чтение книг развивает объективность и способность принимать взвешенные решения.

Лучшей формой приобщения ребенка к книге может стать семейное чтение вслух. Необходимо терпение, даже незаурядная выносливость, чтобы из вечера в вечер читать вслух, и тем не менее читать надо, много читать, формируя в неторопливом процессе этого чтения и ум, и душу ребенка, налаживая прочный духовный контакт с ним.

Если семилетке прекратить читать вслух, аппетит к книге ослабевает. Читать ему самому еще тяжело, неинтересно, скучно. Понимающие это родители читают с детьми книги вслух по очереди.

Читайте ребенку вслух все, что сочтете подходящим, интересным, все, что любили читать сами в таком же возрасте. Особенно важно выбрать такие классические произведения, которые при самостоятельном чтении, чтении про себя, дети не могут оценить сразу, назовут скучными. Чтение вслух- всегда чтение внимательное, когда отдается должное каждой детали, подробности, когда усваиваются не только значения слов, но и оттенки значений. Замедленный темп подачи информации при чтении вслух делает видение всего изображаемого в произведении более точным и полным. Очень важна наша интонация, наш комментарий, наша оценка.

После прочтения книги вопросы лучше всего задавать осторожно, тактично. Пусть ребенок сам спрашивает, интересуется вашим мнением, пусть не торопится осудить книгу, если она показалась ему неинтересной, короче- пусть думает… Правило: если книга начата, ее следует дочитать до конца, тем более что оценка книги к концу может измениться на противоположную.

# «АЛАҚАЙ, ЖАЙДАРЛЫ ЖАЗ КЕЛДІ» ЖАЗҒЫ- САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Ж.А.Жариева,Г.С.Сарсенова,**
*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,*
*«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МККК әдіскерлері*

| **Өткізілетін шаралардың атаулары** | **Жұмыс мазмұны** | **Өткізу мерзімі** | **Жауапты маман** |
|---|---|---|---|
| **«Алақай жаз келді» 01.06-03.06** | | | |
| «Алақай жаз келді» | Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар.-асфальтқа сурет салу байқауы | 01.06 | |
| «Ойланайық, балақай!» | «Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс.Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту,Табиғатты бақылау. | 02.06 | |
| «Мемлекеттік рәміздер» | Рәміздерге арналған тақпақтар айту, әңгімелеу, тақырыптық сағаттар | 03.06 | Абилгазина А.М Искакова Р.Ж. |
| **«Музыка әлеміне саяхат» 06.06-10.06** | | | |
| «Кел шырқайық, бәріміз» | Қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. Дауыстың ұзақтықтарын, биік және төменгі дыбыстарын ажыратуға баулу. Балаларға көңіл - күй сыйлау. | 06.06 | |
| «Көңілді аспаптар» | Аспаптармен танысу, ойыншықтың әуенін тап,ырғақты дәл қайтала! | 07.06 | |
| Біз де билей аламыз. | Ұлттық би түрлерімен танысу, «Мың бұралған бишілер» байқауы | 08.06 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Көңілді сайқымазақтар» | Не қалай дыбыстайды? Әуенді сайқымазақтар | 09.06 | |
| «Өнерлі өрге жүзер» | «Жұлдызды шоу» балалар шығармашылығынан концерт; | 10.06 | Григуль И.В<br>Доскалиева А.Ж |
| **«Ұлттық ойын әлемінде» 13.06-17.06** | | | |
| «Туған өлкем» | Баланың туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату | 13.06 | |
| «Қалай айтуды білесің?» | -ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; «Алшы», «Сақина тастамақ» | 14.06 | |
| «Ойын ойнағанның ойы ұшқыр» | -ұлттық қимылды ойындар ойнау. | 15.06 | |
| «Алтын сақа» | -«Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату;-Асықтарды бояу, безендіру; | 16.06 | |
| «Достық аллеясы» | Ұлттық ойындарды ойнату. Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары. «Тақия тастамақ», «Арқан тарту», «Ақ серек пен көк серек», «Сақина салу» т.б«Оюды аяқта» суретін аяқтау. | 17.06 | Абдыкова А.Т<br>Жалғасбаева Б. |
| **«Біз бақытты баламыз» 20.06-24.06** | | | |
| «Дос болайық бәріміз»<br><br>«Мейірімділік күні»<br><br>«Түрлі- түсті кемпірқосақ күні»<br><br>«Алтын балық»<br><br>«Біз бақытты баламыз» | Балада дос, достық түсініктерін қалыптастыру. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. «Досыма арналған альбом»<br><br>Адам бойындағы жақсы қасиеттердің бірі мейірімділік туралы түсінік беру, табиғатқа, адамға, жан-жануарларға мейірімділікпен қарау.<br><br>«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы; шарларға сурет, салу,ең көңілді шар конкурсы, түрлі-түсті шардан кемпірқосақ жасау;<br><br>Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау.«Балықтар әлемі» дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы.«Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату<br><br>«Біз бақытты баламыз» тақырыбында концерт Жапсыру «Досыма сыйлық» | 20.06<br><br>21.06<br><br>22.06<br><br>23.06<br><br>24.06 | Тамбаева Г.Б<br>Таухабаева И.М. |
| **«Дені саудың, жаны сау» 27.06-01.07** | | | |
| «Тазалықты ұнатушылар күні»<br><br>«Жүгіреміз, зырлаймыз»<br><br>«Менің көңілді добым»<br><br>«Көңілді эстефета күні» | Тазалық сақтау жеке гигиена туралы әңгімелесу, «Тіс щеткасында қонақта» ойын-сауығы, Учаскені тазалау<br><br>-денсаулық шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу,-спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнатуТоп аралық сайыс<br><br>«Көңілді доп» тақырыбына сурет салу.Доппен жасалатын жаттығулар жасау.Доп туралы тақпақтар айту.<br><br>Дәстүрлі емес атрибуттары бар әзілді көңілді эстафеталар «Жас спортшылар» балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. | 27.06<br><br>28.06<br><br>29.06<br><br>30.06 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Дені сау бүлдіршін» | «Біз спортты қолдаймыз» спорттық мерекесі, сайыс | 01.07 | Оразалы Г.Д Имангазина С.А |
| **«Отбасы - бақыт мекені» 04.07-07.07** | | | |
| «Сүйікті қалам-Нұрсұлтан» | «Елімнің жүрегі-Нұрсұлтан» әңгімелесу; Әндер, тақпақтар айту, «Сүйікті қалам -Нұрсұлтан» отбасылық челендж | 04.07 | |
| «Ата-әже» | «Әлди-әлди ақ бөпем» Әжесінің бесік жыры, тақырыпқа сәйкес ән,тақпақтар айту | 05.07 07.07 | |
| «Мамандықтың бәрі жақсы» | «Аспазшылармен кездесу»Аналармен біргелікте тағам дайындау. | | |
| «Дені сау отбасы күні» | «Әкем, анам, мен – спорттықжанұямыз» Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесі | 08.07 | Кудабаева .Г.К Мажарова Г.И |
| **«Мөлдір бұлақ» 11.07-15.07** | | | |
| «Күн, ауа, су» ойын сауығы | «Сылдырлайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы әңгімелесу. Ән. «Жаңбыр» | 11.07 | Орынбасарова Ж.С Карашаева Г.И |
| «Теңіздегі тіршілік» | Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы | 12.07 | |
| «Сабын көпіршіктер күні» | Тазалық жайында әңгімелеу, «Тамшылар» дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Ойын «Күн мен жаңбыр» қимылды-қозғалысты ойындар ойнау | 13.07 | |
| «Су тіршілік көзі» | Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы айтып, көрсетіп, түсіндіру. Сумен зерттеу жұмыстары «Бір жұтымсу» ертегісі Өрт сөндіру бөліміне саяхат | 14.07 | |
| «Су патшасы-Сүлеймен» күні | Мерекелік ойын-сауық, Дәлдеп түсір» (Допты суға лақтыру), «Із басушы»(Сулы іздермен жүру), «Мергендер» (Су пистолеттерімен атысып ойнау) | 15.07 | |
| **«Қауіпсіз жаз» 18.07-22.07** | | | |
| «Пайдалы және зиянды өсімдіктер» | «Табиғаттағы қәуіпсіздік» суреттерді қарау, әңгімелесу Жапсыру «Саңырауқұлақтар әлемі» | 18.07 | |
| «Жүргізуші және жолаушы күні» | Әртүрлі материалдардан автокөліктердің үлгілерін дайындау, оларды ойнату, жүргізушілер мен жолаушылар үшін ережелерді қайталау. «Автобус», «Автовокзал», «Таксопарк» сюжеттік-рөлдік ойындары | 19.07 | |
| «Қатал бағдаршам күні» | Көше қозғалысы ережелерін қайталау, «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» ойын-сауығы Жол патрульдік полициясымен кездесу. | 20.07 | |
| «Сақ ойыншықтар күні» | Ойыншықтармен жол қозғалысы ережелерін ойнау | 21.07 | |
| «Жас жаяу жүргінші күні» | «Барлығымыз бірдей қозғалыс ережелерін білеміз» Топтар арасында сайыс | 22.07 | Шарипова Ж.М Нургалиева А.К |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Мейірімді сиқыршылар» апталығы 25.07-29.07** | | | |
| «Сиқырлы жаңалықтар күні» | Балабақша шекарасына экскурсия-барлау, керемет пен ғажайып құбылыстарды бақылау, ұнаған объектілердің суретін салу, сиқырлы объектілер картасын құрастыру | 25.07 | |
| «Табиғаттағы сиқыршылар күні» | Табиғаттағы еңбек – «Айналамызды ғажайыпқа айналдырамыз» | 26.07 | |
| «Сиқырлы іс-әрекеттер күні» | Адамгершілік қасиеттерін, мәдени-гигиеналық машықтарын, қарым-қатынас және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру; балаларға қонаққа барамыз, оларға сыйлықтар сыйлаймыз, учаскені тазалаймыз | 27.07 | |
| Сиқырлы ертегі күні | Сиқырлы ертегі бойынша қуыршақ театрының қойылымы | 28.07 | |
| Цирк күні | «Цирк» музыкалық ойын-сауығы, «Сиқыршылар» шеруі | 29.07 | Оразова М.Н Байдаулетова Н.А |
| **«Құстар біздің досымыз» 01.08-05.08** | | | |
| «Құстар біздің досымыз» | Табиғаттың бір бөлшегі бақшамыздың сәні құстар өмірімен тіршілігімен таныстыру. Табиғатты ұқыпты пайдалануға оны қорғауға, аялауға, сүюге, жер байлығын үнемдеуге тәрбиелеу. Құстарды қорғап, оларды қамқорлыққа алуға шақыру. | 01.08 | |
| «Үй құстары» | Құстардың пайдасы туралы әңгімелесу, тақпақтар айту, жаттау | 02.08 | |
| «Жыл құстары» | Жыл құстары туралы мағлумат беру, аттарын атау. Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар» | 03.08 | |
| «Құстың ұясы» | Ата-аналармен бірге құстарға ұя жасау, құстарға қамқорлық жасауҚимылды ойын: «Тордағы құстар» | 04.08 | |
| «Қарлығаш» ертегісі | Ертегі сахналау, «Құстар біздің досымыз» тақырыбында сурет көрмесі, құстар туралы ән, тақпақтар айту; | 05.08 | Култабанова К.К Сүлейменова З.Ж |
| **«Табиғат әлемі балалар көзімен» 08.08-12.08** | | | |
| «Мүсін өнері күні» | Батпақтан, қамырдан мүсін жасау, оларды безендіру, сулы құмнан мүсін жасау конкурсы | 08.08 | |
| «Қалдық материалдан бұйым жасау күні» | Бұйым жасау, келесі бөлімдер бойынша көрмелерді ұйымдастыру: «Ойыншықтар», «Жиһаз», «Ыдыс» | 09.08 | |
| «Сурет салу күні» | Түстерді дұрыс пайдалануды көрсету.«Анам, әкем, мен – шығармашылық отбасымыз» отбасылық суреттер көрмесі | 10.08 | |
| «Гербарий күні» | Гербарий құрастыру: «Біздің гүлдеріміз», «Біздің ағаштар», «Біздің орман», «Біздің жасыл дәріхана»«Кірпі» балаларды жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру. | 11.08 | |
| «Табиғат және фантазия» | “Табиғат әлемі балалар көзімен” атты балалар | 12.08 | Аябергенова А.Т Жалғас А.Ж |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көркем суреттері;” Табиғат тынысы” тақырыбындағы фотосуреттер; Табиғи материалдардан және қалдық заттардан жасалған “Табиғат формаларының пластикасы” атты бұйымдар; ”Табиғатайнасы” атты аппликациялар. | | |
| **Ертегілер елінде 15.08-19.08** | | | |
| «Қуыршақтың ғажайып әлемі» Қуыршақ театры | Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу. | 15.08 | |
| «Ертегі ойнаймыз» көлеңкелі театр | Адамдар, жануарлар және құстардың бейнелерін қолдан жасау, Көлеңке театры арқылы ертегі сахналау | 16.08 | |
| Үстел үсті театр | Әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; жұмсақ ойыншықтың үстел театры , «Қолғап» театры | 17.08 | |
| Трафарет театры | Трафарет театры арқылы сөз құрамын байыту, диалог, монологты дамыту,Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасау. түрлі-түсті бояулармен жұмыс, дайын бейнелерді қайшымен қию. | 18.08 | |
| Ертегілер еліне саяхат | Таныс ертегілерді саханалау.«Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру. | 19.08 | Кисекбаева Г.Ж Қазыбаева Ж..Б |
| **«Ғажайыптар әлемінде» 22.08-26.08** | | | |
| «Шұғылалы күн» | Жазғы күнқағарлар байқауы, қағаздан күнқағарлар дайындау, сурет салу, «Күн сәулесін шашып тұр, жаз ыстық болады» тақырыбына жапсыру | 22.08 | |
| «Шебер қолдар» | «Қағаздан не құрастырылады?» «Сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу. «Саңырауқұлақ» оригами «Шырпы қораптарынан машина жасау» | 23.08 | |
| «Мейрімді достарым» | Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау. Ертегілер тыңдап, мазмұнын айтқызу. | 24.08 | |
| «Менің сүйікті кейіпкерім» | Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалармен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. | 25.08 | |
| «Гүлдер күні» | Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. «Гүлдер әлемі» сурет байқауы.«Біз балабақша гүліміз» концерт ұймдастыру.«Айбары асқақ-Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру. | 26.08 | Егизбаева Ш.Е Боранбаева Н.Ж |

# «НАУРЫЗ-ДУМАН»

**Г.Қ.Мақсат**
*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы*
*ЖШС «Самғау» балабақшасы*

**Мақсаты:** Балаларға Ұлыстың Ұлы күні туралы мағлұмат беру. Балаларды елін, Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, изеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

(музыка залы мерекеге сай безендірілген)

**Жүргізуші:** Жнр әлемін жайнатып, наурыз тойын тойлатып, Ұлыстың Ұлы күні келді ағайын. Той құтты болсын! Ақ мол болсын! Қош келіпсіздер құрметті қонақтар. Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мерекемізді қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр.

Би: «Қара жорға»

**Жүргізуші:** Наурыз айы жылдың алғашқы айы. Бұл айда күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

Олай болса, күлімдеген күніміз бен жұлдыздары жымыңдаған түнімізді қарсы алайық.

**Күн:** Сәулесі көп күнмін,
**Түн:** Жұлдызы көп түнмін
**Екеуі бірге:** Бірдей болып біздер,
Теңелеміз бүгін.
**Күн:** Ұзарамын мен енді
**Түн:** Қысқаратын кез келді.
**Екеуі бірге:** Ұйқы қанбай қалып,
Жүрмеңіздер тек жылап.
Гүл мен жерді жайнатып,
Құлпыр, Наурыз сен енді.

**Жүргізуші:** Наурыз тойында ұлттық ойындар да ойналған. Кәне, кім қандай ойындар біледі?

**Балалардың жауабы:** Қыз қуу, теңге алу, асық ату, бәге.

**Жүргізуші:** Олай болса, бізде бүгін тойымызда осы ойындарды ойнап көрейікші.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Қыз қуу»

**Жүргізуші:** Балалар, сендер аты шулы Алдар көсені білесіңдер ме?

**Балалардың жауабы: -**Иә.

**Жүргізуші:** Сол Алдар көсе Шығайбайды қалай алдап кеткенін көргілерің келе ме?

**Балалардың жауабы: -**Иә

**Жүргізуші:** Ендеше, тамашалайық. Әне, Алдар атамыздың өзі де келе жатыр.

(музыка әуенімен Алдар кіреді).

**Алдар көсе:** Сәлеметсіздер ме балалар,! Наурыз құтты болсын!

**Жүргізуші:** Рахмет Алдар аға! Жол болсын!

**Алдар көсе:** Е,е Шықбермес Шығайбай өз сараңдығымен қоймай «Ешкімге дәм татырған емеспін, мені ешкім де алдап көрген емес, тіпті Алдардың өзі де алдай алмайды» деп мақтаныпты. Соған намыстанып, сол байдың үйін іздеп шықтым. Осыдан сол байды алдап қатырмасам ба?

**Тәрбиеші:** Ее, солай деңіз. Ендеше, жолыңыз болсын. Ол байды алдай мүмкін емес.

**Алдар көсе:** Егер осыдан сараң байды алдай алмасам Алдар атым өшсін. Мен кеттім ендеше.

(Алдар келіп байдың үйін сығалайды).

**Алдар көсе:** Е-е, бұлар наурызға арнап жылқы сойған ғой деймін. Шіркін-ай қарным тоятын болды. *(қарнын сипайды).* Қой, мен одан да үйге кірейін.

(Үйге кіріп келгенде бәрі заттарын үстел астына тыға қалады).

(Бай қазы тіліп, бәйбіше нан илеп, қыз тауық жүнін жұлып отырады).

**Алдар көсе:** Ассалаумағалейкум, байеке!
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын!

(бай шығып амандасады)

**Бай:** Уағалейкумассалам
Ұлыс оң болсын
Төрлет Алдар көсе жоғары шық төрлет.

(екеуі төс қағыстырып аман саулық сұрасады).

**Жүргізуші:**«Көрісу» дәстүрі қыстан аман шыққан халық бір-бірімен құшақтасып көрісетін дәстүр ел ішінде әлі де сақталған.

**Бай:** Ее, кел Алдар көсе не естігенің-көргенің бар, айта отыр.

**Алдар көсе:** Естігенімді айтайын ба, көргенімді айтайын ба?

**Бай:** Естіген өтірік болар, көргеніңдң айт.

**Алдар көсе:** Айтасм айтайын. Жолда келе жатып жылан көрдім. Ұзындығы сенің астыңдағы қазыдай. Таспен ұрып жібердім, былш ете түсті иленіп бәйбіше астындағы нандай. Өтірік айтсам, шашым жұлынсын қыз астындағы тырнадай. Осының бәрін көріп келдім, етіңді асшы жасырмай.

**Бай:** Ой, тіліңе шоқ түскір!

**Бәйбіше:** Жағын қарыссын!

**Қыз:** Шашың таз болғыр!-деп жасырған заттарын шығарады.

**Бай:** Бәйбіше етіңді ас амал қанша.

**Бәйбіше:** Бізбике қызым, барып есіктің алдын тазала мен ет асайын.

(қыз есіктің алдын сыпырады ал бәйбіше қазанға ет салады)

**Бәйбіше:** Піс, қазаным бес ай,

**Алдар көсе:** Ее, не дейді, отырайын он ай!

**Жүргізуші:** Алдар көсе! Ет піскенше байдың немелерінің өнерін тамашалайық. Бізге өнерлерін көрсетсін.

**1-бала:** Қош келіпсің Наурыз,
Арман тойы халықтың.
Қуанышты халықтың,
Құтты болсын қадамың.

**2-бала:** Бүгін күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа көгерді.
Соны тойлап ел енді,
Қуанышқа кенелді.

**3-бала:** Күреп алтын күрекпен,
Қарды еріткен Наурыз.
Жатыр көктем түлетіп,
Бүрлеп бақша-бауымыз.

**4-бала:** Ұлы күні ұлыстың,
Күн мен түнді теңеген.
Тәтті дәмін ырыстың,
Таттық наурыз көжеден.

**Жүргізуші:** біздің балаларымыз әдемі тақпақ жаттапты жарайсыңдар! Наурыз тойын әнмен жалғастырамыз ба балалар! Олай болса келген қонақтарымызды құттықтап дайындаған әнімізді айтып берелік.

Ән: «Наурыз көктем»

**Бай:** -Әй, Бәйбіше етің пісті ме?

**Бәйбіше:** Қазір қарайын. (қазанды ашып қарайды). Жоқ, байеке, еттің пісетін түрі жоқ.

**Бай:** Онда төсек сал, жатып демалайық.

**Жүргізуші:** Бәрі жатып демалады. Бәрі ұйықтаған кезде Алдар етті алып жеп, орнына сүйек қалдырады. Алдар қайта жатып қалады. Бір кезде бәйбіше байды оятып, ет жейін десе екеуінің тісі өтпейді. Ашуланған бай бәленің Алдардан келгенін біліп жатып қалады.

(таң атып бәйбіше ерте оянады)

**Бәйбіше:** Қап, мына қу байекенді аш қалдырғаны-ай, қой мен барып нан пісірейін. *(бәйбіше шығып кетеді).*

**Жүргізуші:** Шығайбай мен Алдар көсе ұйқысын қандырып алысн, ал біз ортамызға құттықтау тақпақтарымен балаларды шақырайық.

**1-бала:** Уа халайық, халайық!
Әсем әнге салайық,
Наурыз тойын көңілді,
Біз қарсы алайық.

**2-бала:** Наурыз келсе, құт келгені халайық
Есік ашып, шашу шашып,
Ел болып қарсы алайық.

**3-бала:** Наруыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз

**Жүргізуші:** Жаңа жылдан жаңа үміт күтеміз, оны ақ ниетпен, ақ тілекпен қарсы аламыз. Ұлыстың ұлы күнінде наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Наруыз көже туралы кішкене мағлұмат айтып өтейін. Наурыз көжені жеті түрлі тағам қосып дайындайды. Оған: бидай, ет, тұз, май, сүт, мейіз, қатық қосылады. «Жеті» қасиетті сан. Жұма күні жеті шелпек пісіріледі. Аптаның күндері де жеті күн. Осы жеті күнді кім айтып береді?

**Балалардың жауабы:** Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

**Жүргізуші:** Наурыз тойындағы тағамдарда көбіне ақ тамақ басым болады. Өйткені, бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез. Наурыз мерекесінде наурыз көжеден қаншама адам дәм татса, үй иесіне соншама жақсылық келеді деген ниетпен наурыз көжеден ауыз тиіңіздер.

(қонақтарға «Наурыз көже» таратылады)

**Жүргізуші:** Бай ұйқысынан оянады.

**Бай:** Бәйбіше анау Алдар ұйықтап жатқанда маған ыстық наныңнан қойныма сал анаған көрсетпе. Байқа. Көріп қалмасын.

**Жүргізуші:** Бәйбіше нан салып беріп жатқанда Алдар оянады.

**Алдар көсе:** Оу байеке, сіз қайда кетіп барасыз? Бұдан былай көрісеміз бе, жоқ па белгісіз. Сондықтан келіңіз, қазақтың дәстүрі бойынша төс қағыстырып қоштасайық.

**Жүргізуші:** Алдар құшақтаған кезде ыстық нан Байдың кеудесін күйдіреді.

**Бай:** Әй, бәйбіше, алшы мына ит жегір нанды.

**Алдар көсе:** Әкеліңіз ит жегенше мен жейін.

**Бай:** Ей, бәйбіше мына сұмырайдың көзін құрт. Енді көзіме көрінбесін.

(бай атқа мініп есік алдына шығып тұрады)

**Алдар көсе:** Байеке аяқ киімім жыртылып қапты. Маған біз беріп кетіңізші. Жалаңаяқ қалдым.

**Бай:** Ал да кетші әрі.

**Алдар көсе:** Бәйбіше Бізбикені киіндіріңіз , маған бай қызыңды берді.

**Бәйбіше:** Саған қыз беретін сен кім едің? Қаңғыбас.

**Алдар көсе:** Сенбесеңіз тыңдаңыз. Байеке маған «Біз» бикені бермей жатыр (айғайлайды).

**Бай:** Бізді бер жоғалт көзін.

**Бәйбіше:** О алжыған шал. Масқара. Елге енді не бетімді айтам?

(Алдар қызды алып кетеді).

**Алдар көсе:** Мінекей, Алдардың ойыны осылай болады.

**Жүргізуші:** Балалар мінекей Алдар көсе Шығайбайды осылай алдаған екен. Наурыз-ізгілік пен молшылықтың мерекесі, адамзаттың аузы аққа толған керемет шақ.

Наруыз мерекесінің сәні-ұлттық ойындар. Қазақтың ұлттық ойындарының бірі **«Сиқырлы таяқ»**

**Жүргізуші:** Ұлыстың ұлы күні құтты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі баршағызды құтты болсын! Қош сау болыңыздар!

# ХАБАРЛАНДЫРУ ТАҚТАСЫ

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»** ақпараттық-әдістемелік журналының **№2 (32) санын 2023 жылғы 30 маусымда** шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:1.**Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. **Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. **Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. **Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер),әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. **Тәрбиеші жазбалары**: мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ,орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **<u>2 беттен</u>** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, **кегль 12,** жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар <u>талапқа сай рәсімделіп,</u>**<u>ortaluktil@mail.ru</u>** электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №3 (33) санына материалдар **<u>2023 жылғы қыркүйек айының 1-іне</u>** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 55-83-45.